



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Императорының туған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы достық пен өзара қолдауға негізделген сан қырлы ынтымақтастық қос халықтың игілігі жолында жандана беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев император Нарухитоның игі бастамаларына мол табыс, ал достас жапон халқына бақ-береке тіледі.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидземен телефон арқылы сөйлесті.

Грузия тарапының бастамасымен болған әңгімелесу барысында өзара қарым-қатынастың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе екіжақты және көпжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша ынтымақтастықты нығайтуға бейіл екенін растады.

Көлік-транзит, энергетика және туризм секілді бағыттарға басымдық бере отырып, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты кеңейтудің жай-жапсарына айрықша назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Тараптар жоғары деңгейдегі байланыстарды жандандыруға келісті.

МАРАПАТ

Президент Жарлығымен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысына қосқан елеулі үлесі үшін, сондай-ақ 80 жылдық мерейтойына орай Игорь Матвеевич Романов III дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды.

Ол ұзақ уақыт бойы орталық мемлекеттік органдарда жұмыс істеген. 1990-жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметін басқарды.

АТА ЗАҢДАҒЫ АМАНАТ – ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОР КӨЗҚАРАС



Қазақ баласы үшін «Жер-Ана» ұғымы жай ғана географиялық кеңістік емес, ол – рухтың бесігі, тарихтың күесі және келер күннің кепілі. Бүгінде мемлекеттік дамудың алтын арқауына айналған экологиялық саясат – бабалар аманаты мен замана талабының тоғысқан түйіні. Ал тұмса табиғатты қорғауды конституциялық деңгейге көтеру – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті мен болашақ алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Елде «Таза Қазақстан» бағдарламасынан бастап, ауқымды көгалдандыру, орман отырғызу, саланы цифрландыру жүйелі жүзеге асырылып жатыр. Ал биылғы сәуірде Өңірлік экологиялық құрылтай өткізілмек.

КОНСТИТУЦИЯ – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚОРҒАНЫ

Биылғы 15 наурызда жалпыхалықтық референдумға ұсынатын Қазақстан Конституциясының жаңа жобасы мемлекетшілдік пен ұлтжандылықтың жаңа белесін айқындап бермек. Оның кіріспесінде, яғни төрінен экология мәселесіне үлкен орын берілген. «Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстанып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз», – делінген жобода.

(Жалғасы 5-бетте)

АҚОРДА

СЕНИМГЕ СҮЙЕНГЕН СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Грузияның Ішкі істер министрі Гела Геладзені қабылдады.

Әңгімелесу барысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес бағыттарындағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент Грузия еліміздің Оңтүстік Кавказдағы маңызды әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Сондай-ақ екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың уақыт тезінен өткен тарихи тамырластыққа құрылғанына тоқталды.

Гела Геладзе Қасым-Жомарт Тоқаевқа шетелдік туристердің, соның ішінде Қазақстан азаматтарының

қауіпсіздігін сақтау бойынша грузиялық құқық қорғау органдарының атқарып жатқан жұмысы жөнінде мәлімет берді.

Қазақстан мен Грузия ішкі істер министрліктері ұйымдасқан қылмысқа, есірткі тасымалдауға, киберқылмысқа және экстремизмге қарсы күрес, сондай-ақ озық тәжірибелер алмасу, маман даярлау бағыттарында өзара ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

Кездесуде Мемлекет басшысы Грузия Президенті Михаил Кавелашвили мен Премьер-министр Ираклий Кобахидзеге сәлемін жолдады.



ОТАНДЫҚ АВИАЦИЯНЫ ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Air Astana компаниясының бас атқарушы директоры Питер Фостерді қабылдады.



Кездесуде авиация саласын дамыту мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana компаниясының Еуразиядағы жетекші авиатасымалдаушылардың біріне айналуға Питер Фостердің елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Президент оған Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы көпжылдық жемісті еңбегі үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы жолаушылар және жүк тасымалы саласындағы бірқатар маңызды міндеттерді табысты шешу үшін британиялық менеджермен ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенім білдірді.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасында тікелей әуе қатынасын ашу, сондай-ақ аталған рейстерді орындау үшін алыс қашықтыққа ұшатын әуе кемелерін сатып алу мәселелеріне ден қойылды.

Президент отандық авиацияның бәсекеге қабілеттілігін одан ары арттыру қажет екенін айтты.

ЭКСПОРТТЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыс туралы сөз болғанда, ең әуелі Қашаған мен Қарашығанақ жобалары, сондай-ақ Chevron компаниясы ойға оралады. Алайда сарапшылардың айтуынша, соңғы жылдары америкалық капиталдың құрылымы айтарлықтай өзгерген. Мәселен, экономист Сапарбай Жобаевтың пікірінше, АҚШ инвестициясы бұрынғыдай тек мұнай-газ секторымен шектелмейді.

→ 4



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ АРМАН ОРЫНДАЛА МА?

Еліміздегі орталықтандырылған ыстық су жүйесі жоқ жалғыз қала ретінде Қызылордадағы бұл түйткіл назардан тыс емес. Тіпті, 2023 жылы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысының өзі бұл мәселеге ерекше назар аударып, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Соның негізінде 2024 жылы қаланы ыстық суға қосу жобасы бастау алғанымен, ел игілігін әлі де толық сезінер емес. Ендігі халық арасында баянды бастаманың шарапатын көргендер қарасы қалыңдамай тұр.



→ 6



КІШКЕНТАЙ ЖҮРЕКТЕРГЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН КҮН

2018 жылдан бері Help Today қоғамдық қоры жүзеге асырып келе жатқан Smart School жобасы онкологиялық және онкогематологиялық дертке шалдыққан балалардың білім алу құқығын қамтамасыз етуге негізделген. Жоба туралы Help Today ҚҚ төрағасы Эльмира Алиева баяндап берді.

→ 6

24 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: СЕНАТОРЛАР ЕЛ АРАСЫНДА

Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін халыққа кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына орай сенаторлар еліміздің өңірлеріне аттанған болатын.



Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы, Конституциялық комиссияның және жалпыұлттық коалицияның мүшесі Нурлан Бекназаров және Конституция жобасын жалпы-халықтық талқылау аясында 16-18 ақпан аралығында Жамбыл және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында болды. Жұмыс сапары барысында өңірлер тұрғындарымен, жұртшылық, ғылыми және мәдени қоғамдастық өкілдерімен, еңбек ұжымдарымен, студент жастармен кездесулер өтті. Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін түсіндіруге баса назар аударылды.

Сенатор Құрылтай, Вице-президент институттары мен

Талас ауданында жұмыс бабындағы сапармен болды.

Сапар барысында Қаратау қаласының тұрғындарымен, Talas Investment Company, «Шолақтау» тау-кен байыту кешені, «Қазфосфат» ЖШС ұжымдарымен, сондай-ақ №3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер орталығының қызметкерлерімен кездесулер өтті. Халықтық Конституция жобасының негізгі ережелері, оның жаңалықтары және еліміздің бұдан былайғы дамуындағы маңызды ашық диалог түрінде талқыланды.

Сенатор Алтынбек Нұхұлы «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелерімен бірге Павлодар облысында

Сенаторлар Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтығұтов Алтай қаласында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылауға орай тұрғындарымен және құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында қатысушыларға Мемлекет басшысының бастамасымен ауқымды саяси жаңғырту аясында дайындалған Негізгі заң жобасының басты ережелері жан-жақты түсіндірілді. Мемлекеттік басқару үлгісін жүйелі жаңарту, Парламенттің ролін күшейту, қоғамдық бақылау тетіктерін кеңейту, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сенатта Қазақстанның неміс жастары одағының активімен кездесу өтті. Оған еліміздің барлық өңірінен 25 өкіл келді. Сенатор Евгений Больгер жастармен ашық диалог түрінде әңгіме өрбітті. Жаңа Конституция жобасының ережелері, парламенттік реформаның негізгі бағыттары, оның ішінде Парламенттің бір палаталы үлгісіне көшу тақырыбына баса назар аударылды.

Сенатор Дархан Қыдырәлі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстел жұмысына қатысты. Шараны танымал ғалымдардың, сарапшылардың және академиялық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі ұйымдастырды.

Сенатор Бекболат Орынбеков жалпыұлттық коалицияның республикалық штаб мүшелерімен бірге Жамбыл облысының Қордай ауданында болды. Жұмыс сапары халықтық Конституция жобасын бүкілхалықтық талқылау аясында өтті. Сенатор аудандық Мәдениет үйіне барып, онда мәслихат депутаттарымен, жұртшылық өкілдерімен, ардагерлермен және аудан тұрғындарымен кездесті. Кездесудің негізгі тақырыбы жобаның мазмұнын және оның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін күшейтуге бағытталған негізгі ережелері болды. Бекболат Орынбеков Ата Заңның жаңа редакциясы қоғамның нақты сұраныстарын көрсететінін атап өтті.

Жалпыұлттық коалиция қызметі аясында жаңа Конституция жобасы мен алдағы республикалық референдумды түсіндіруге арналған кездесулер Жалағаш ауданында өтті. Шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Руслан Рүстемов қатысты.

Коалиция өкілдері сол күні Жалағаш ауданының денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесу өткізді. Азаматтардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік саясаттың тұрақтылығы және Конституцияның мемлекеттік кепілдіктерді нығайтудағы рөлі басты назарда болды.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – АЗАМАТТАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕКТЕРІНЕ БЕРІЛГЕН ЖАУАП

Ақмола облысында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері жергілікті халықпен, жастармен, спортшылармен, еңбек ұжымдарымен және туристік сала өкілдерімен кездесулер өткізді.

Сапар өңір халқымен, этномәдени бірлестіктермен кездесуден басталды. Көкшетаудағы «Болашақ сарайында» 400-ге жуық адам – зиялы қауым, шағын және орта бизнес өкілдері, ақсақалдар, мәслихат депутаттары, денсаулық сақтау және білім беру саласының қызметкерлері, басқа да белсенді азаматтар жиналды.

Алқалы жиында сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жаңа Конституцияның қабылдануы арқылы Қазақстан өзінің мемлекеттілігін күшейтіп, жаңа тарихи кезеңге қадам басатынын атап өтті. Мәжіліс Спикері еліміздегі қоғамдық диалогты жаңа деңгейге көтеретін түбегейлі жаңа орган – Халық кеңесінің құрылуына ерекше назар аударды.

– Жаңа Конституция арқылы Халық кеңесі институты құрылады. Ол Қазақстан халқының ортақ мүддесін білдіретін ең жоғары консультативтік орган болады. Ассамблеяның барлық инфра-құрылымы мен бірегей тәжірибесі сақталып, өз жұмысын жалғастырады. Халық кеңесі өңірлерді, азаматтық қоғамды және этномәдени бірлестіктерді біріктіреді. Яғни, халықтың көпэтникалық үні айқындала түседі деген сөз. Осылайша, Ассамблеяның ұзақ жылдар бойы жиган тәжірибесін пайдаланып, өз бетінше заңнамалық күн тәртібін қалыптастыратын біртұтас құрылым қалыптасады, – деп атап өтті Ерлан Қошанов.

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи мәнге ие екенін, әлемдік ахуал құбылып тұрған уақытта мемлекетіміз табиғи даму кезеңіне аяқ басқанын айтты. Депутаттың пікірінше, жаһандық өзгерістерге орай, еліміздің орнықтылығын, Тәуелсіздігіміздің тұрақтылығын және алдағы ондаған жыл бойы біртіндеп дамуды қамтамасыз ететін берік әрі заманауи құқықтық іргетас қажет.

Жергілікті жұртшылық өкілдері алдағы референдум қоғамды Мемлекет басшысының стратегиялық мақсаттарына біріктіретініне назар аударды. Облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер Омар Шоназаров әр азамат үшін Конституцияның маңыздылығын толықтай қабылдауға болатынын айтты. Егер төлқұжатта адамның жеке деректері көрсетілсе, Конституцияда бүкіл халықтың тағдыры мен болашағы қамтылған. Сол үшін де жаңа Конституция – әділдік қағидаттары шегенделген, елдің өркендеуі үшін берік негіз болатын нағыз халықтық құжат.

Коалиция мүшелерінің өңірдегі волонтерлік бірлестіктермен кездесуі де мазмұнды өтті. А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде өткен жиын облыстық волонтерлер форумының ашылуымен тұспа-тұс келді. Форумға 500-ге жуық адам қатысты.

Кездесуде Мәжіліс депутаты, республикалық волонтерлік қозғалыстың жетекшілерінің бірі Вера Ким жаңа Конституция жобасында волонтерлік қызметтің маңыздылығына мән берілгеніне тоқталып, жұртшылықты құттықтады. Депутат атап өткендей, осы арқылы Ата Заң жобасында мықты мемлекет тек билік институттары ғана емес, сонымен қатар бір-біріне қолдау көрсетуге дайын адамдарға да арқа сүйейтіні туралы қарапайым, бірақ аса маңызды идея айқын көрініс тауып отыр.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев жаңа Ата Заңда адам капиталды дамуы елдің стратегиялық даму бағыттарының бірі ретінде танылатынын атап өтті. Бұл мемлекет білімге, ғылымға және жас ұрпақтың мүмкіндіктеріне сенім артып отырғанын көрсетеді.

Аграрлық бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктері, жерді қорғауға және ауыл шаруашылығы саласының тұрақты жұмысына мемлекеттік кепілдіктердің берілуі сынды Ата Заңдағы жаңашылдықтарға байланысты Ақмола облысының аграрлық секторының өкілдері өз пікірлерін білдірді.

Eurasia Group Kazakhstan кәсіпорны алаңындағы ашық диалог барысында қоғамдық коалиция мүшелері фермерлердің барлық сұрағына жауап берді.

Өз кезегінде аграрлық сектор өкілдері жаңа Конституция жобасында еңбексүйгіштік, прогресс пен білім мемлекеттің іргелі қағидалары ретінде бекітілгеніне оң пікір білдірді.

Жаңа Конституция жобасындағы еңбек адамының мәртебесі ENKI ЖШС керамикалық кірпіш зауытының еңбек ұжымымен кездесуде талқыланды.

Мәжіліс депутаты, Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров Конституцияның жаңа редакциясында қауіпсіз еңбек жағдайлары, лайықты сыйақы төлеу және әлеуметтік қорғау құқығы заңдық негізде бекітілетініне назар аударды. Кәсіпорын қызметкерлерінің пікірінше, бұл өзгеріс мемлекеттің жауапкершілігін күшейтіп, еңбек адамдарының ертенге деген сенімін нығайта түседі.

Одан әрі жалпыұлттық коалиция мүшелерінің Ақмола облысының спорт саласының өкілдерімен кездесуі Зеренді ауданының мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінде өтті. Бұл спорт мектебі заңсыз алынған активтерді қайтарудан түскен қаражат есебінен бой көтергенін айта кеткен жөн.

Бапкерлермен, спортшылармен және секция басшыларымен әңгіме барысында коалиция мүшелері жаңа Конституция жобасында әділеттілік ұғымы алғаш рет мемлекет пен биліктің жанарған моделінің қағидаларының бірі ретінде бекітілгенін атап өтті. Бұл ретте, ресурстар қоғамдық игілікті арттыруға арналады, ал азаматтардың мүддесі корпоративтік пайдадан жоғары қойылады. Кездесуде жергілікті спортшылар барлығына тең мүмкіндіктер туғызу, әсіресе өңірлерден шыққан талантты жастардың дамуы үшін маңызды мүмкіндік екеніне назар аударды.

Ақмола облысының туризм және колөнер саласы өкілдерімен кездесуде Ата Заң деңгейінде табиғатқа қамқорлық, ұлттық мәдениетті қолдау және шығармашылық еркіндіктің ерекше маңызы сөз болды.

Өз кезегінде туризм саласының өкілдері жаңа Конституция жобасында азаматтар мен мемлекеттің міндеттері арасындағы теңгерім қамтылғанына назар аударды. Атап айтқанда, тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық жасау, тарих пен мәдениет мұраларын қалдыру сынды Қазақстан азаматтарының міндеттерін жұртшылық жылы қабылдады. Олар атап өткендей, әрбір қазақстандықтың дербес жауапкершілігі арқылы еліміздің қайталанбас бай мұрасын болашақ ұрпаққа аман жеткізе аламыз.

Кездесулерге қатысушылардың барлығы 15 наурыздағы референдумға қатысып, жаңа Конституцияны қабылдауға дауыс беруге ниетті екенін білдірді.

Дайындаған:
«AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Таспырыс беруші:
М.Ж. Оспанов
«AMANAT» Партиясы»
ҚБ қаражатынан төленді



Халық Кеңесінің дамуын, сондай-ақ сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтумен қоса мемлекеттің институционалдық негіздерінің өзгеруін көрсететін ережелерге ерекше назар аударды.

Сенатор, жалпыұлттық коалиция мүшесі Айгүл Қапбарова Шымкент қаласына болды және Халық Конституциясы жобасын жалпыұлттық талқылау жөніндегі жалпыұлттық коалиция жұмысы аясында жұртшылықпен, еңбек ұжымдары және кәсіпкерлік қоғамдастық өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді.

Ол Тұран ауданында Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесті. Онда қатысушыларға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері, сондай-ақ еліміздің бұдан былайғы қоғамдық-саяси дамуы мақсатында ұсынылып отырған өзгерістердің маңызы жан-жақты түсіндірілді.

Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің депутаттары Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада мәдениет және өнер саласының қызметкерлерімен кездесті. Жүздесу барысында конституциялық реформаның мақсаттары мен негізгі ережелері, сондай-ақ жаңа Конституция жобасының елімізді одан әрі дамытудағы маңызы жан-жақты түсіндірілді.

Сенатор Сәкен Арубаев «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының қызметі аясында

ғылыми қоғамдастық өкілдерімен кездесті. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын түсіндіруге арналған шара өңірдегі жетекші педагогикалық жоғары оқу орны аясындағы Марғұлан ғылыми орталығында өтті. Кездесуді университет ректоры Ержан Әмірбекұлы өткізді. Талқылауға ғылыми орталықтың басшысы Тимур Смағұлов, проректорлар, декандар және ғылыми қызметкерлер қатысты.

Сенаторлар Жанболат Жөргенбаев пен Закиржан Кузиев жаңа Конституция жобасын талқылау аясында Алатау қаласында орналасқан «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Негізгі заңның жаңа редакциясы жобасының ережелерін, сондай-ақ алдағы елімізді одан әрі дамыту және демократиялық институттарды нығайтудағы республикалық референдумның маңыздылығын түсіндіруге ерекше назар аударылды.

Сенатор Руслан Рүстемов өңірге жұмыс сапары аясында Исатай Әбдікәрімов атындағы жоғары политехникалық колледж жұмысымен кездесу өткізді. Шараға облыстық және қалалық мәслихаттардың төрағалары да қатысты. Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері және алдағы республикалық референдумның маңызы кездесудің негізгі тақырыбы болды. Қатысушыларға конституциялық өзгерістердің логикасы, құжатты дайындау кезеңдері және оны әзірлеу кезінде ескерілген қоғамдық ұсыныстардың рөлі жан-жақты түсіндірілді.



ТҰРҒЫН ҮЙ САЛАСЫНДА АШЫҚ ЖҮЙЕ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

«AMANAT» партиясы көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың заманауи әрі ашық жүйесін қалыптастыруға бағытталған республикалық TURGYNDAR AMANATY жобасын жүзеге асыруды жалғастыруда. Бастаманы еліміздің барлық өңірінде қолға алу жұмысы аясында МИБ және ПИК төрағаларына, мәслихат депутаттарына және тұрғындарға арналған оқыту семинар-форумдары өткізілуде. Мәселен, «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбындағы кезекті диалог алаңы Көкшетау қаласында ұйымдастырылды.

Талқылау барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы ең өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, инженерлік желілердің тозу деңгейінің жоғарылығы, қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ төлемдердің ашықтығы мен басқарушы құрылымдардың тиімді жұмыс істеуі сынды бірқатар мәселеге назар аударылды. Бүгінде пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің атына жиі өтініштер мен шағымдар келіп түседі. Бұл өз кезегінде басқарудың жаңартылған моделіне деген сенімді нығайту және жүйелі шешімдер қабылдау қажет екенін көрсетіп отыр.

Партия Хатшысы Шолпан Каринованың айтуынша, TURGYNDAR AMANATY жобасы үйлер мен аулаларды басқарудың түсінікті жүйесін қалыптастырады.

«AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы тұрғындардың идеялары мен өтініштерін нақты шешімдерге айналдырады. Біз көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың ашық әрі заманауи моделін қалыптастырып жатырмыз. Онда әрбір азаматтың пікірі ескеріледі. Жоба азаматтардың тұрмысын жақсартуға және тұрғындар мен басқарушы құрылымдар арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған», — деді Шолпан Каринова.

Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская бұған дейін депутаттық корпус пен партия мүшелері тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына қатысты заңнамаларға түзетулер енгізуге бастамашылық еткенін және олар қазір өз күшіне енгенін атап өтті. Жаңа нормаларға сәйкес, 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін барлық пәтер иелері кооперативтері қайта тіркеуден өтіп, басқарудың заңды субъектісі ретінде қызмет етуге тиіс. Өзгерістердің басты мақсаты — меншік иелерінің құқығын қорғау және басқарушы құрылымдардың қызметіндегі ашықтықты қамтамасыз ету.

Форумда жарияланған деректерге сәйкес, өңірде шамамен 3 800 көппәтерлі тұрғын үй бар. Соның 400-ге жуығы мүлік иелері бірлестігі, ал 800-ге жуығы пәтер иелері кооперативі ретінде тіркелген. Солай бола тұра, тұрғындардың жаңа басқару жүйесіне деген сенімі — әлі де жеткіліксіз деңгейде. Бұл өз кезегінде, ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуді және халықпен тікелей диалог орнатуды талап етеді.

Жоба аясында тұрғындарға кеңес беру, оқыту курстары мен семинарлар өткізу мақсатында мамандандырылған фронт-офис ашу жоспарлануда. Мұнда азаматтар тұрғын үй қатынасы, әлеуметтік бағдарламалар

және қолданыстағы заңнама мәселелері бойынша кеңес ала алады. Мұндай формат меншік иелерінің құзыретін арттырып қана қоймай, тиімді кері байланыс тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көппәтерлі үйлерді басқару саласындағы кәсіби қауымдастық өкілі Айгүл Аринованың айтуынша, жүргізіліп жатқан реформалардың басты мақсаты — азаматтарға жайлы әрі қауіпсіз орта құру. Алайда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін тұрғындар белсенді атсалысуы және тұрғын үйді басқару саласында білікті мамандар даярлау жұмысы жолға қойылуы қажет.

Ұйымдастырушылар жобаның жүйелі жүзеге асырылуы мемлекет, сарапшылар қауымдастығы және тұрғындар арасындағы ашық әрі сындарлы өзара іс-қимылға байланысты екенін атап өтті. TURGYNDAR AMANATY жобасы осындай серіктестікті қалыптастыруға және мыңдаған қазақстандық отбасының көкейіндегі мәселелерді шешуге арналған тиімді алаң болуға тиіс. Жобаның негізгі мақсаты — тұрғын үй меншік иелерінің басқару процесіне араласу мүмкіндігін кеңейту, тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауатын арттыру, сондай-ақ ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

TURGYNDAR AMANATY жобасы бытыр Астана қаласында пилоттық режимде іске қосылды. OSIsKils бағдарламасы бойынша 707 МИБ және ПИК төрағасы практикалық оқытудан өтті. Коммуналдық қызмет өкілдері мен салалық сарапшылардың қатысуымен семинарлар ұйымдастырылып, қатысушыларға қолданыстағы заңнама түсіндірілді. Сондай-ақ олар ортақ мүлікті тиімді әрі ашық басқару құралдарын меңгерді.

Пилоттық кезең жобаның сұранысқа ие екенін және оның қолданбалы сипатын айқындады. Бірмәнді округтер бойынша сайланған мәслихат депутаттары тұрғындармен есептік кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде нақты өтініштер қаралып, өз шешімін тапты. Биыл жоба толыққанды республикалық бастама ретінде жүзеге асырылуда. Оқыту форумдары алғаш рет Қарағанды өңірінде өткізілді.

«AMANAT» партиясы алдағы уақытта да тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы реформаларға жүйелі түрде қолдау көрсетуді жалғастырып, сенімге, жауапкершілікке және тұрғындардың шешім қабылдау процесіне нақты араласуына негізделген орнықты басқару моделін қалыптастыруды көздейді.

өз пікірін білдіруге берілген мүмкіндік екенін атап өтті. Тұрғындар насихаттық топ мүшелерінің түсіндіру жұмыстарын оң қабылдап, референдумға қатысуға ниетті екендерін білдірді. Сонымен қатар мұндай үгіт-насихат шаралары тек тұрғын үйлермен шектелмей, адам көп шоғырланатын қоғамдық орындарда да жалғасуда. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат — халыққа толық әрі қолжетімді ақпарат жеткізіп, саналы таңдау жасауына жағдай қалыптастыру.

ШЫМКЕНТТЕ «ЕСІКТЕН ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Шымкент қаласында 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдум қарсаңында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейе түсті. Осы бағытта «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасарлары Ербол Байқонысов пен Талғат Балтабаев бастаған насихаттық топ «Есіктен есікке» акциясын ұйымдастырды.

Жұмысшы топ құрамында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері мен еріктілер болды. Олар қала орталығындағы бірқатар үй мен кәсіпкерлік нысандарын аралап, азаматтармен тікелей жүздесіп, алдағы референдумның маңызын түсіндірді. Акция аясында арнайы ақпараттық парақшалар таратылып, саяси науқанға қатысты толық мәлімет берілді.

Акция барысында Ербол Байқонысов тұрғындарды белсенді болуға шақырып, референдум әр азаматтың



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ

«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»



15

НАУРЫЗ

referendum2026.kz

Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!



15 НАУРЫЗ

РЕФЕРЕНДУМ

«Республикалық референдумға
қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне
енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық
референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған
Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.
Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің
аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша
Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды.
Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум
тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы
органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз.
Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен
құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат
құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық
референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз
туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

НАРЫҚ

24 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

АГРОСЕКТОРДАҒЫ ШЕКТЕУ: ТАРАЗЫ БАСЫ ТЕҢ БОЛСА ИГІ

Біздің ел ауыл шаруашылығы бағытындағы кейбір өнімдердің экспортталуына шектеулер қойып жатады. Басты мақсат – ішкі нарықта тапшылықты жою. Бірақ бұл шектеулер мәңгілік емес, белгілі бір мерзімге межеленген. Алайда кей кездері шектеулер нарық заңдарына қайшы келіп қалатын тұстары да жоқ емес.



А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында нарыққа қайшы шектеулерге қатысты пікір білдірді. Яғни, бірден шектеп, ішкі нарықты түгел қамтамасыз еткенше, кешенді шешімдер қабылдау қажет деп санайды. Сонымен бірге ет-сүт өнімдерінің басым көпшілігі жеке және қосалқы шаруашылықтарда деп нақтылап өтті.

— Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттына да нарыққа қайшы шектеулер қойылған. Шешімді қабылдау алдында оның салдары қандай болатынын ешкім ойламайды. Не себепті бұлай жасалып жатқанын түсіну қиын емес. Себебі нарықты дамытқаннан гөрі оған шектеу қою — әлдеқайда оңай. Мұндай әрекетті тоқтату керек. Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты жүйелі шаралар қабылдауға тиіс. Елімізде мал шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл — айқын нәрсе. Бірақ біз осы әлеуетімізді дұрыс пайдаланбай отырмыз. Мал шаруашылығын даму стратегиясы да, қаржыны да мардымсыз, түсініксіз, кешенді шешім жоқ. Бұл салада шешімін таппай тұрған мәселе көп. Өнімдердің басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда және шаруа қожалықтарында өндіріледі. Еттің 60 пайызы, сүттің 80 пайызы — солардың еншісінде. Бұл жағдай өнімділікті арттыруға кедергі болып отыр, — деді Президент.

Үкімет деректеріне зер салсақ, 2022–2024 жылдары астық өнімдеріне (бидай мен ұн) экспорттына шектеулер енгізілгені байқалады. Бұл кезеңдердегі шектеу мен квотаның мерзімі 6 айға белгіленген. Яғни, осы кезеңдерде елге орағы басталып, астық жиналғанша ғана шектеу болған, одан кейін алынып тасталған. Кейінгі екі жылда астық экспорттына шектеу салынбаған. АШМ дерегіне қарағанда, 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап министрліктің бұқа экспорттына, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне экспорттауға қатысты ережелері алты ай бойы күшінде болған. 2025 жылдың 15 мамырынан басталған Қазақстаннан бұқашықтарды экспорттауға тыйым, енді 2026 жылдың 30 сәуіріне дейін ұзартылды. Сондай-ақ 4 айдан асқан қосалқы экспорттауға арналған квоталар 2026 жылғы 30 сәуірге дейін қолданылады. Квоталар көлемі — 120 мың бас: бордақылау алаңдары мен тауар өндірушілер үшін 60 мыңнан. Бұл ретте бір бордақылау алаңына арналған шектеу оның қуатының бір және жиынтық мөлшерінде 30 пайыздан аспайды, ал бір тауар өндірушіге квотаның қолданылу кезеңіне 500 бастан аспайды. Қуаттылығы 5 мың бас және одан асатын бордақылау алаңдары үшін шектеу квотаның бүкіл қолданылу кезеңіне 1,5 мың қосалқыдан аспауға тиіс делінген. Айта кетейік, 20 мың тонна ет экспорттына тыйым әлі күшінде. Ол биылғы жылдың жартысына дейін қолданыста болмақ. Салыстырмалы түрде қарасақ, кейінгі төрт жылдың алғашқы жылдарында астық экспорттына шектеу көбірек басым болса, кейінгі жылдары мал шаруашылығы бағытында шектеулер көбейген. Аталған шектеулердің түпкі мәніне үнілгені, отандық нарықты өз өнімдерімізбен қамту көзделген деседі. Бірақ қоғам шектеулерге әртүрлі көзқараста.

АШМ деректері бойынша, 2025 жылдың 31 желтоқсанында Қазақ

станда сиыр етіне экспорттық квоталарды бөлуді реттейтін жаңартылған ереже күшіне енді. Шектеу шаралары үшінші елдерге де, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше мемлекеттерге де жөнелтілді. Жаңа механизм алты ай бойы, 2026 жылдың 30 маусымына дейін күшінде болады. Бұл шектеу фермерлер тарапынан қолдау таппаған сынайы. Шаруалар мұндай қолдан жасалған шектеу ет өнімдерінің құр ысырап болуына апарып соғайды деген уәж айтады. Фермер әрі мал шаруашылығы саласының сарапшысы Болат Әлдебайұлы нарыққа қайшы шектеулер енгізу қажет емес деп біледі. Оның тәжірибесіне қарағанда, төрт түліктің өлден күтінім жасап, бордақылауға шығарып, ішкі нарық пен алыс-жақын шетелге тастаумен деп отырғанда шектеп сатуға, шаруаларды шығынға батырады екен.

— Нарық заманында шектеу енгізген жөн болмай тұр. Шаруашылықтарда 1–2 мың бас мал бордақылап отырғандар шектеулерге тап болып, етін шетелге сата алмай дал. Бірақ осы күні Астана мен Шығыс, Солтүстік өңірлерге Монғолияның еті келіп, қарабазарларда сатылып жатыр. Ресейден екі бастан ет импорты тұр. Бірақ шетел еттері қаншалықты санитарлық талапқа сай? Ол да беймәлім! Кезінде фермерлер 6 пайызбен несие алып, 18 пайызбен кепілдендіретін жәрдем бар еді. Оның соңы екішұты болып, бүгінде шаруалар 24 пайызбен кредит төлеп шығынға батты. Егер бейне, 1 жылға деп мал шаруашылығы өнімдеріне шектеу қоя берсе, шаруалар шығынға батып, ешкім мал бағып, ет-сүт өндірмейді. Өйткені мал бағып, семіртіп, бордақылап ет өткізу үшін де жем-шөп, күтім керек. Экспортқа шектеу енгізілсе, ішкі нарыққа арзанға өнім саталды деп ойлайды. Шаруа көп уақыт бойы мал семіртіп, сойып сатуға дйтейді. Ал енді сату маусымы басталғанда шектеу енгізіп тастаса, қырғын шығынға батып, пайда таппаған кәсіпкер ақыр соңында құлдырайды ғой. Сондықтан нарыққа қайшы шектеу енгізу керек емес. Сол себепті де адамдар кооперацияға бірігіп, мал шаруашылығы бағытындағы бағдарлама тезірек жүзеге асса екен. Сонда жекелеген адамдар кооперативтерге бірігіп, ет-сүт өнімдері өзімізге толық жеткілікті болса, сыртқа шығарып сатуға да ешқандай шектеу болмайтын шығар, бәлкім, — дейді фермер.

Ал астық экспорты саласында бүгінде ешқандай шектеу жоқ екен. Бұл сала қарқыны дамып келе жатқанға ұқсайды. Үкімет дерегіне, былтыр 27,1 млн тонна астық өндіріп рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізілген. 2024–2025 жылдары 13,4 млн тоннаға жуық астық еш кедергісіз экспортқа жөнелтілген. Былтыр Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл басында картопқа шектеуді 6 айға енгізіп, кейін алып тастаған. Ал дәл сондай сәбізге де шектеу болатындығы туралы ақпарат жоққа шығарылған. Белгілі агро-сарапшы Ақпар Қазалыұлы көкеңіс бағытында ғана оқта-текте шектеу болғаны болмаса, жалпы астық шаруашылығында жоқ деп отыр. Егер агросекторды дамытуды жолға қойсақ, шектеу мәселесі болмайтын сияқты.

— Астықтан өндірілетін ұн, макарон өнімдерінің экспорттына ешқандай шектеу жоқ. Алыс-жақын сырт мемлекеттерге сатылып жатыр. Бүгінде аграрлық салада бидай,

күріш, арпа сияқты дәнді-дақылдарды Таяу Шығыс, Орталық Азияға, Ресейге, Қытайға және Еуропаға да экспорттауға ешқандай шектеу жоқ. Сатылып та жатыр. Бұрын көкөністерге шектеу қойылып өз тиімсіздігін берді. Бір жолы сәбізді сыртқа сатуға шектеу қоймақшы болды, алайда біз араласып кейін ол шектеу қойылмайтын болды. Ішкі нарыққа бүгінде 450 мың тоннадай сәбіз жеткілікті болып тұр. Мұның алдында қырық-қабатық, пиязға, картопқа шектеу қою өзінің тиімсіздігін көрсетіп берді. Демек, нарыққа қайшы шектеулер енгізу әрқашан тиімсіз. Өйткені ауылшаруашылық өнімдері тұтынушыға жетпесе, тез бұзылып, өз құнын жоғалтады. Біздіңше, шектеу деген мәселеден гөрі, агро-секторды кешенді дамытуды ойластырған жөн, — дейді агро-сарапшы.

Ауыл шаруашылығы министрлігі дереккөздерінде, 2025 жылғы 16 сәуірдегі Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімімен ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін экспорттауға салынатын келендік баж салығын алып тастау мақұлданды. Алайда бұл кадам аталған саланы ілгерілетпейтін сияқты.

Нарық заңдылықтарына қарағанда, өнімнің кей түріне шектеу қою пайдалы болғанымен, бұл үрдіс тері өнімдеріне кері әсерін беріп отырған көрінеді. Қайта тері өнімдері саласында баж салығы салынып шектеулер енгізілсе, отандық тері мен жүн өндірісіне кәделі болмақ екен. Тері өндірушілер қауымдастығының төрағасы, «КазЛидерМех» ЖШС директоры Нұрман Нұптекеев, тері өнімдеріне саласында шектеулер сақталғанын қалайды. Өйтпесе, біздің тері өнімдері Өзбекстан, Ресей, Қытай арқылы Түркия асып кетет. Ол баж салығын алынып тасталғанына да қарсы болып тұр.

— Шикізат тапшылығы экспорттық баж салығы (200\$/тоннасына) алынбай тұрғанда сезілмейтін. Тері барлық зауытқа артығымен жететін. Былтыр маусымның 11 #183 НҚ КР Сауда және интеграция министрлігінің шешімімен сыртқа шығаруға салынатын келендік баж салығы алынып тасталды. Сол кезден бастап тапшылық қатты сезілді. Мысалы, айына 900 тоннаға дейін тері өндіетін Алматы зауытының өндіріс қуаты бірден екі есеге түсіп кетті. Сондай жағдай Семей, Екібастұз зауыттарында да орын алды. Қордай зауыты тері жетпегенін салдарынан, жыл соңында тіптен қандырап қалды. Себебі сапалы шикізат Өзбекстанға, Түркияға асып кетті. Ал сапасыз шикізатты бағасы арзан, пайдасы аз болғандықтан, көп адам жинауға аса құлықты емес. Сол себептен отандық тері өндіетін кәсіпорындарда шикізат жетіспеушілігі орын алды. Өңделмеген шикі тері сыртқа кетсе, мейлі арзан, мейлі қымбат бағада болсын, ол тек тері жинайтын алыпсатарға ғана пайда әкеледі. Мәлекет қанша салықтан (КҚС, әлеуметтік, корпоративтік кіріс салығы т.с.с салықтардан) жұмыс орнынан, ал кәсіпорындар кірістен қасалады, даму болмайды. Терең өңдеу құрдымға кетеді. Инвесторлар қызығушылық танытпайды, тіпті қашып кетеді. Шикізатпен қамтамасыз етілмесе, кім келеді? Міне, осындай мультипликативті зияны бар. Салыстырмалы түрде алсақ, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан бәрінен шикі теріге баж салығы бар. Тіпті, Монғолияда шикі теріні шығаруға шектеу қойылған, — дейді тері өнімдерінің маманы.

Токетері, Мемлекет басшысы Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты тиісті тапсырма жүктеді. Енді 1 қыркүйекке дейін «Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы» жаңа заң дайындалды. Жыл соңына дейін субсидиялау үдерісін цифрландырып, шаруалардың міндеттемелерін бақылауға алу жүзеге аспак. Демек, осының бәрі әкімшілік шаралармен жасалатын шектеулерді азайтудың жолы болса керек. Шаруаның шаруасы шалқайып, елдің аузы аққа, ұрты майға, ас-ауқатқа тойып жүрсе, агросектордың дамығандығының көрінісі болар еді.

Халықаралық нарықта ең жоғары бәсекеге ие сала – инвестиция. Әлем елдері өзара инвесторларды тартудың түрлі амалын қарастырып бәсеке-суде. Қазақстан да соңғы жылдары инвестициялық саясатқа басымдық беріп, сырттан қаржы әкелемін дегеннің «бетін қақпауға» бекінген. Тіпті, осы мақсатта Мемлекет басшысы мұхит асып, АҚШ-тың алпауыт компанияларымен ауқымды келіссөз жүргізіп келеді. Бүгінде сол келіссөздердің алғашқы нәтижелеріне куә болып отырмыз.

ЭКСПОРТТЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ



А Кәмила ДҮЙСЕН

Еуразиялық зерттеулер институтының дерегіне сүйенсек, соңғы он жылда, яғни 2015 жылдан 2025 жылдың алғашқы тоғыз айына дейін, АҚШ-тан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 28,9 миллиард долларға жеткен. Бұл — тұрақты әрі ұзақмерзімді әріптестіктің дәлелі. Инвестиция — жай сауда емес, ол өндіріс ашу, технология өкелу, жұмыс орындарын құру деген сөз.

«2025 жылдың қарашасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-қа жасаған сапары кезінде өткен «C5+1» саммиті осы үрдісті бекіте түсті. Нәтижесінде, жалпы құны шамамен 17 миллиард доллар болатын 29 екіжақты келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер өнеркәсіп, энергетика, медицина, цифрландыру, білім беру және инновация салаларын қамтыды», — дейді институт мамандары.

Жобалардың мазмұнына назар аударсақ, олардың ауқымы әртүрлі, бірақ барлығы да экономикалық сапасын өзгертуге бағытталған. Мысалы, Air Astana компаниясы үшін Boeing 787-9 ұшағын сатып алу — авиация паркін жанартуға қадам. «Одан бөлек, вольфрам кен орындарын игеру жобасы 1,1 миллиард долларды құрайды. John Deere ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жобасының құны — 2,5 миллиард доллар. Жазанды интеллект пен цифрландыру бағытындағы бастамалар 1,3 миллиард долларға бағаланып отыр. Сонымен бірге ұлттық қаржы институттары арқылы шамамен 1 миллиард доллар көлемінде қаржылық келісімдер жасалған», — делінген Еуразиялық зерттеулер институтының мәлімдесінде.

Сарапшылар екі бағытта да белсенді жүргізіліп отырған сәтті жобалардың бар екенін алға тартты. Мәселен, «Самұрық-Қазына» коры мен шетелдік серіктестердің медициналық клиника құру жобасы, АҚШ-та химиялық кешен салу бастамасы — бұл инвестицияның тек Қазақстан аумағымен шектелмейтінін көрсетеді. Яғни, серіктестік екі бағытта да жүруде.

Сондай-ақ АҚШ-тың Орта дәлізді дамытуға назар аударуы — маңызды көрсеткіштің бірі. Өйткені Шығыс пен Батысты жалғайтын бұл бағыт — Қазақстан үшін тек транзит емес, геоэкономикалық мүмкіндік. Егер инфрақұрылым сапалы дамыса, ел халықаралық логистикалық тізбектердің ажырамас бөлігіне айнала алады.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыс туралы сөз болғанда, ең әуелі Қашаған мен Қарашығанақ жобалары, сондай-ақ Chevron компаниясы ойға оралады. Алайда сарапшылардың айтуынша, соңғы жылдары америкалық капиталдың құрылымы айтарлықтай өзгерген. Мәселен, экономист Сапарбай Жобаевтың пікірінше, АҚШ инвестициясы бұрынғыдай тек мұнай-газ секторымен шектелмейді.

— АҚШ инвестициясы дегенде, ең алдымен, ойға Қашаған мен Қарашығанақ секілді ірі жобалар, сондай-ақ Chevron компаниясы оралады. Дегенмен соңғы жылдары бұл тізімге General Electric пен Boeing сияқты алпауыттар да қосылды. Қазір америкалық капитал тек мұнай-газ саласымен шектелмей, сирек металдарды өңдеуге және өндіріс ашуға бағытталап отыр, — дейді экономист.

Оның айтуынша, бұл — инвестиция құрылымының өзгергенінің белгісі. Шынында да, бүгінде вольфрам сияқты стратегиялық элементтерден дайын өнім өндіру жобаларына қызығушылық артып отыр. Электровоз шығаруға қатысатын General Electric компаниясының жобалары соның нақты көрінісі. Ауыл шаруашылығы саласында да қозғалыс бар, John Deere компаниясымен сауда көлемі ұлғайған. Бұл бағыттар америкалық капиталдың өндіріс пен технологияға бет бұрғанын аңғартады.

Дегенмен Сапарбай Жобаевтың сөзіне сенсек, сауда саясаты бөлек мәселе. Дональд Трамп билікке келгеннен кейін шикізатқа қатысты тарифтер келендік шектеулер күшейіп, 27 пайыздық баж салығы енгізілді. Атап айтқанда, атом электр станцияларына қажет уранға және Boeing ұшақтарында қолданылатын титан профилдеріне. Кейін екіжақты келіссөздер нәтижесінде бұл мөлшер белгілі бір деңгейде төмендетілгенімен, тарифтік саясатта өзгерістер әлі де жалғасып жатыр.

Жақында Президент «Бейбітшілік кеңесінің» отырысына қатысып, америкалық компаниялармен бірқатар маңызды келісімге қол жеткізген болатын. АҚШ тарапы жобаларды кластерлік тәсілмен дамытуды ұсынады.

АҚШ-тың Орта дәлізді дамытуға назар аударуы — маңызды көрсеткіштің бірі. Өйткені Шығыс пен Батысты жалғайтын бұл бағыт — Қазақстан үшін тек транзит емес, геоэкономикалық мүмкіндік.

— Яғни, тек шикізат өндірумен шектелмей, оны өңдеп, қосылған құнды өнім шығаруға басымдық беріледі. Мысалы, мыс өндіретін шахта ашылса, кенді байытып, құйма жасап, кейін кабель секілді дайын өнім шығару тізбегі қалыптасады, — дейді Сапарбай Жобаев.

Бұл тәсіл Қазақстан үшін де тиімді, себебі ол өндірістің толық циклін құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сарапшы Қытаймен арадағы геосаяси шиеленіс АҚШ-тың сирек металдарға деген қызығушылығын арттырғанын атап өтті. Бүгінде ол электроника, ғарыш және авиация салаларына қажет стратегиялық шикізатты сенімді серіктестерден алуға ұмтылады. Вольфрам, титан, хром, никель, марганец сияқты элементтер осы қатарда. Қазір бұл ресурстар Қазақстаннан, негізінен, Ресей мен Қытайға шикізат күйінде экспортталады. Ал АҚШ-қа тасымалдау қашықтығы алыс болғандықтан, шикізат күйінде жөнелту тиімсіз. Сондықтан оны өңдеп, дайын өнім түрінде шығару әлдеқайда ұтымды.

— Екі ел арасындағы сауда айналымына географияның да әсері бар. Қазақстан Ресей және Қытаймен жылына 25–30 миллиард доллар көлемінде сауда жасайды. Ал АҚШ-пен сауда айналымы 3–4 миллиард доллар шамасында ғана. Бұл айырмашылықты логистика мен қашықтық факторымен түсіндіруге болады. Дегенмен жоғары қосылған құнды өнім экспорттың көбейту арқылы бұл көрсеткішті арттыруға аламыз. Дайын өнім жеткізілсе, тарифтік кедергілерді төмендету жөнінде келіссөз жүргізуге де мүмкіндік туады, — дейді экономист.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыс жана кезеңге аяқ басып отыр. Егер сирек металдарды өңдеу, өндірісті жергілікті өндіру және кластерлік даму моделі жүзеге асса, бұл серіктестік шикізат саудасынан технологиялық әріптестікке қарай ойысады. Ал бұл өз кезегінде екі ел арасындағы сауда көлемін арттырып қана қоймай, оның сапасын да жақсартпақ.

АТА ЗАҢДАҒЫ АМАНАТ – ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОР КӨЗҚАРАС

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Сонымен қатар оның 37-бабында, біріншіден, «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті» деп белгіленген. Екіншіден, «Мемлекеттің адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат ететіні» бекітілме. Үшіншіден, «Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келетіні» нықталды. Осылайша, экологиялық қауіпсіздік конституциялық басымдық ретінде бекітіледі.

– Жана Конституция жобасында қоғамның басты сұраныстарының бірі – адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған орта құру және табиғатқа жанашырлықпен қарау сияқты іргелі қағидатты енгізу болды, – деп атап өтті Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр.

Алайда конституциялық басымдықтың өмірге жүзеге асуы үшін қандай нақты іс-шаралар қабылданады? Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың мәліметінше, министрлік бұл жұмысты бірден бірнеше бағытта іске асырып жатыр. Оған қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, қалдықтарды басқару және шығарындыларды мониторинг жасау, орман өртеріннің ошақтарын дер кезінде анықтау, орман ресурстарын есепке алу және ұлттық парктарға келушілерді бақылау бағытында цифрлық жобалардың кешенін іске асыру кіреді.

Президент сондай-ақ 2 млрд түп ағаш отырғызу және орман алқаптарының аумағын 14,5 млн гектарға жеткізу бойынша ауқымды міндет қойғаны белгілі. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиевтің айтуынша, Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындау үшін 2025 жылы мемлекеттік орман қоры аумағында, 337,8 мың гектар алқапқа жоспарланған 370,7 млн көшеттің орнына 497,9 миллион бірлікті отырғызылды. Жоспар 35%-ға артық орындалды. Елді мекендерде былтыр 3,8 млн ағаш егілген.

Әйткенмен, Экология министрі арқаны кенге салуға болмайтынын, себебі оң

динамикаға қарамастан, Қазақстанда жердің тозуы және шөлейттену мәселелері өзекті күйінде қалып отырғанын ескертті. Бұл проблеманы шешу үшін жел эрозиясын азайту, құмдарды бекіту және жайылымдарды қалпына келтіру мақсатында қорғаныш орман белдеулері мен тосқауылдық екпелер жүйесін құру көзделген.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАННАН» – ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГҚА

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасы бүгінде жалпыұлттық қозғалысқа ұласты. Бұл – тек ауланы сыпыру емес, ұлттық экологиялық санасын жаңғырту. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Мансұр Ошурбаевтың мәліметінше, елде экологиялық күн тәртібі жүйелі түрде пысықталды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында 2025 жылы елде 1 294 экологиялық акция өткізілді. Оған 6,9 млн адам, оның ішінде 781 мың ерікті қатысты. Нәтижесінде, 884,3 мың тонна коқыс жиналып, 1,1 млн гектар аумақ тазартылды. Бұл – халықтың жер тағдырына бейжай қарамайтынын айқын айғағы.

– 2024 жылғы маусымнан бастап @TazaQazBot чат-боты жұмыс істейді. 2025 жылы ол арқылы 26 мыңнан астам өтініш түсіп, оның 24 мыңнан астамы орындалды. Азаматтар көбінесе аумақтарды тазалау, коқыс шығару, көшелерді абаттандыру және жол жөндеу мәселелері бойынша жүгінді. Чат-бот мемлекет пен халық арасындағы кері байланыстың тиімді құралына айналды, – деді Мансұр Ошурбаев.

Биылғы наурызда онтүстік өңірлерде аумақтарды, су айлындары мен бұлақ көздерін тазалау және ағаш отырғызу акциялары басталады. Жылы мезгіл басталғанда ұқсас іс-шара солтүстік өңірлерде де өтеді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында 2026 жылы елімізде Өңірлік экологиялық саммит өткізу туралы бастама көтерді. Аталған экосаммитті Астана БҰҰ-мен бірлесіп 2026 жылғы сәуір айында ұйымдастырмақ. Ол Орталық Азиядағы экологиялық және климаттық мәселелерді талқылауға арналған негізгі алаңға айналуға тиіс. Саммитті өткізу аймақ елдерінің өңіраралық ынтымақтастықтағы әлеуетін

және жаһандық күш-жігерді нығайтуға үлесін көрсетуге тиіс.

Саммит аясында аймақ елдерінің ұлттық павильондары ұсынылатын «RES EXPO 2026» халықаралық жасыл технологиялар көрмесін өткізу жоспарланған. Қорытынды құжаттар, соның ішінде «Мемлекеттер басшыларының декларациясын» және «БҰҰ агенттіктерімен бірге 2030 жылға дейінгі Іс-қимыл бағдарламасын» қабылдануы керек. Саммиттің ресми сайты іске қосылды. Жалпы, халықаралық аренада Қазақстанның «экологиялық дипломатияның» орталығына айналғаны маңызды.

Экология вице-министрі Жомарт Әлиевтің дерегіне, 2025 жылы экологиялық ауырталдық төмендетіліп, табиғат қорғау заңнамасының сақталуына бақылау күшейді. Шығарындылар көлемі 4,01 млн тоннаны, төгінділер көлемі 2,3 млн тоннаны құрады, бұл 2024 жылғыдан тиісінше 0,5% және 2,5%-ға төмен. Бұл ретте улы шығарындылардың 63%-ы 50 ірі өнеркәсіптік кәсіпорынға тиесілі екен. Міне осылармен жеке жұмыс жүргізілгені жөн. Олардың нормативтік шығарындыларының көлемі 148 мың тоннаға (-7,2%) кемітті.

Автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу жалғасуда. Бүгінде бұл талап 115 ірі кәсіпорынға таралады, олардың басым бөлігі деректерді беру жүйесіне қосылған. Арнайы датчиктер әр 20 минут сайын ластаушы заттардың шоғырлануы туралы мәліметті тікелей орталық жүйеге жолдайды.

Министрліктің маңызды міндеттерінің бірі – жеке инвестицияларды тарта отырып, қалдықтарды басқару жүйесін дамыту. 2025 жылы ғарыштық мониторинг арқылы 3828 заныс коқыс орны анықталып, оның 95%-ы жойылды. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін 165 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Женілдетілген қаржыландыру тетігі аясында бүгінде қалдықтарды басқару және инфрақұрылымды дамыту бойынша жалпы сомасы 294 млрд теңгені құрайтын 62 жобаның 25-і іске асырылуда. Олардың ішінде коқыс таситын көліктерді сатып алу, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жобалары бар. Коқысты жинау, тасымалдау және қайта өңдеуі қалағалытын EcoQolday платформасы жұмыс істейді. Оның негізінде жана ұлттық жүйе құрылды: ол қалдықтардың пайда болуынан бастап қайта өңделуіне немесе көмілуіне дейінгі бүкіл жолын бақыламақ.

– Мегалопистерде қалдықтарды жағу арқылы энергетикалық кәдеге жарату зауыттарын салу



үшін 293 млрд теңгеге инвестициялық келісімдер жасалды. «Экоқолдау» бағдарламасы аясында шамамен 60 мың тонна қалдық қайта өңделді, кәсіпорындарға 880 млн теңге субсидия берілді. Астана, Алматы және Шымкентте жалпы қуаты тәулігіне 3 600 тонна болатын үш коқыс өртеу зауытын салу жоспарланып отыр. 2026–2030 жылдарға арналған қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасы бекітілді. Министрлік экологиялық жүктемені төмендету, заңнаманы жетілдіру және қалдықтарды басқаруды заманауи инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жүйелі шараларды жалғастырады, – деді Жомарт Әлиев.

ЦИФРАНДЫРУ – ЭКОЛОГИЯНЫҢ «КӨЗІ МЕН ҚҰЛАҒЫ»

2026 жылғы 6 қаңтарда Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойғаны мәлім. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғау саласын да қамтиды. Вице-министр Нұрлан Құрмалаевтың айтуынша, экология және табиғи ресурстар саласына цифрлық технологиялар белсенді енгізіледі. Біріншіден, елде ауа, су мен табиғаттың жай-күйін онлайн режимде бақылауға мүмкіндік беретін цифрлық жүйелер құрылып жатыр. Бұл заңбузушылықтарды жедел анықтауға және мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

– Екіншіден, қоршаған ортаның жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі құрылды. Бұл – еліміз бойынша экологиялық ақпарат жинақталатын ірі платформа. Ірі зауыттар әр 20 минут сайын шығарындылар туралы деректерді жіберетін датчиктер орнатуға міндетті. Осы жүйе арқылы қалдықтар мен парниктік газдар жөніндегі есептер де тапсырылады. Болашақта платформаға эко-

логиялық тәуекелдерді болжау және заңбузушылықтарды автоматты түрде анықтау үшін ЖИ енгізу жоспарланды. Сондай-ақ шығарынды нормаларын асырғаны үшін айыппұлдарды автоматтандыру көзделген, – деді Н.Құрмалаев.

Үшіншіден, орман өртерін ерте анықтау жүйесі енгізілме. Ормандағы 30 шақырым қашықтыққа дейін түтін мен жылу аномалияларын анықтайтын камералар орнатылады. Жүйе жұмыс істеп тұрған аумақтарда өрт ертерек анықталып, келтірілетін залал азайған. Болашақта ол 5,5 млн гектар орманды қамтиды. 2025 жылы 63,3 мың гектар аумақта 618 орман өрті тіркелді. Заныс ағаш кесу көлемі 1,6 есеге, ал табиғатты қорғау мекемелерінде 3,6 есеге қысқарды.

Төртіншіден, орман, жануарлар дүниесі, өрт пен экологиялық жағдай туралы деректерді біріктіретін Табиғат геоақпараттық платформасы іске қосылды. Бесіншіден, орман кесуге рұқсат билеттерін беру автоматтандырылып, кесілген ағаш пен атылған киік өнімдерін таңбалау жүйесі енгізілді. Бұл оның шығу тегін бақылауға мүмкіндік береді екен.

Қазақстанда барлық экологиялық мәселе толық шешімін тапты деу болмайды: жердің құнарсыздануы және деградациясы жалғасты, биыл су қоры миллиард текше метрге қысқарып, қуаңшылық қаупі күшейді. Каспий теңізінің тартылуы да алаңдатарлық деңгейге жетті. Бұл үрдістер табиғи тепе-теңдікке ғана емес, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа да тікелей әсер етеді. Десек те, экологиялық саясатты мемлекеттік басымдыққа айналдыру және жүйелі шара қабылдау – жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін алышарт. Мемлекет табиғаттық танытып, ғылым мен басқаруды ұштастыра, шешілмейтін проблема кәде-кем. Ал табиғатты қорғау – мемлекетті қорғаудың негізі.



Кез келген мемлекет үшін қалаларды дамыту – экономиканың басты драйверінің бірі саналады. Бұл тұрғыда Қазақстанның қай шаһарын алсақ та, маңыздылығы бір-бірінен кем түспейтін байқаймыз. Осындай қаланың бірі – еліміздің шығысында жатқан Өскемен. Кешегі тарихы, бүгінгі өнеркәсібімен аты шыққан өлкеде қазір 360 мыңнан адам өмір сүріп жатыр. Осы орайда шаһардың даму барысын білмекке қала әкімі Алматы Ақышовпен сұхбаттастық.

Алмат АҚЫШОВ,
Өскемен қаласының әкімі:

– Кейінгі бірнеше жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ел аумағында «Таза Қазақстан» акциясы тұрақты түрде өткізілетінін білеміз. Сіз басқарып отырған шаһарда экологиялық түйткілдер бары жасырын емес. Өнеркәсіп орындарының шығарындыларын азайту, ауа ластануы секілді мәселелерді шешу үшін қалада қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүйелі сипат алып, елді мекендердегі санитарлық тазалық пен қоршаған орта сапасына қоғамның ат салысуын күшейтті. Өскемен қаласында экологиялық мәселелердің, әсіресе өнеркәсіптік шығарындылар мен ауа сапасына қатысты тәуекелдердің барын жоққа шығармаймыз.

Біріншіден, тұрғындардың өтінімдерін жедел қабылдап, нақты орындауға бағытталған кері байланыс тетіктері күшейтілді. Азаматтарды тарту үшін Telegram желісіндегі @TazaQazBot чат-боты іске қосылды, қала бойынша түскен 543 өтінімнің барлығы түгел орындалды. Бұл құрал өтінімдерді жіктеу, орындаушыны бекіту және фото-есеппен жабу арқылы жедел әрекет етуге мүмкіндік берді.

Екіншіден, ауа сапасын бақылау бағытында мониторинг күшейтіліп отыр. «Казгиромет» дерегіне сәйкес, 2025 жылы Өскемен қаласында 10 автоматтандырылған бақылау посты жұмыс істеген. Сонымен қатар жеке датчиктердің деректерін ұлттық желіге интеграциялау және нәтижелерді AirKz қосымшасы мен интерактивті картада көрсету тәжірибесі кеңейіп келеді.

термен қатар, цифрландыру арқылы бақылауды күшейту тәсілдері де қолданылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Өскеменде қаланы санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру бойынша екі айлық акция өткізілді. Акция аясында апта сайын сенбіліктер өткізілді, аумақтарды, аулаларды, әлеуметтік нысандарды жинап, ағаш отырғызып, өздерін мен көлдерді коқыстардан тазарттық.

2025 жылы іс-шараларға 12 570 адам қатысты, 2 800 текше метрден астам коқыс шығарылды, 2 322 бірлік техника жұмылдырылды. Барлығы 32 338 аула, оның ішінде көпкөпәрілі тұрғын үй қоры – 1 514 аула, жеке сектор – 30 824 аула жиналды. Бұл іске 2 162 кәсіпорын мен ұйым өкілдері қатысты.

Қаланы көгалдандыру жұмыстары да ауқымды жүргізілді. Былтыр 1 сәуірден 31 мамырға дейін 3 900-ден астам көшет (шырша, қайың, күл, терек, тау күлі, қарағаш, үйеңкі, сирень, емен) отырғызылды. 1 қыркүйектен бастап қосымша 805 көшет ектік. 2025 жылы барлығы 10 000-нан астам көшет отырғызылды, оның 3 900-і – көктемде, 6 100-і – күзде. Сондай-ақ сәуір-көктемде отырғызылып, жалпы ауданы 21 000 шаршы метрден асатын гүлзарлар жасалды. Бұл іс-шараларды жүзеге асыру экологиялық жағдайды жақсартуға, ауа сапасын арттыруға және жайлы, эстетикалық тартымды ортаны құруға мүмкіндік береді.

– Қала экономикасын ірі өнеркәсіп орындары қолдап отыр. Алдағы уақытта да шаһарда ірі халықаралық жобалар іске

асуы мүмкін бе? Өскеменнің өндірістік әлеуетіне қызығушы инвесторлар көп болар?

– Алдағы кезеңде Өскемен қаласында да ірі жобалардың, соның ішінде халықаралық әріптестік элементі бар бастамалардың іске асу мүмкіндігі бар. Қала инвесторлар үшін өндірістік тізбектің қалыптасқандығымен, инженерлік-инфрақұрылымдық әлеуетімен және өндірісті орналастыруға арналған индустриялық аймақтарымен тартымды. Мысалы, Өскемендегі индустриялық аймақтар бойынша инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жеткізу және инвесторларды тарту жөніндегі ақпараттар өңірлік инвестициялық порталда жарияланған. Сонымен қатар инвестициялық күн тәртібі халықаралық алаңдар арқылы да ілгерілетіліп келеді. 2025 жылғы 26 қыркүйекте Өскеменде «Altai Invest-2025» халықаралық инвестициялық форумы өтті. Ал энергетикалық тұрақтылық кез келген ірі өндірістік инвестицияның базалық шарты екенін ескерсек, Өскемен ЖЭО-ны жаңғырту және кеніту жобасына ЕАДБ мен Еуразиялық банктің 2026 жылғы 13 ақпанда ұзақмерзімді қаржы беруі – қаланың инвестициялық әлеуетін күшейтетін нақты қадамның бірі.

– Қалада шағын және орта бизнесті дамыту үшін кәсіпкерлерге қандай жағдай жасалып отыр? Бұл сала азаматтарды жұмыспен қамтуға үлесін қосып отыр ма?

– Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты тұжырымдамасын іске асыру және өңір экономикасын әртарап-тандыру жөніндегі жұмысты күшейтуі шенберінде инвестицияларды тарту – дамуының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Атап айтқанда, металлургия, қайта өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету.

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ ақпаратына сәйкес, кешенді бағдарлама шенберінде шағын және орта бизнесті қолдаудың жана тетіктері бар. Субсидиялау шенберіндегі қолдау, «Өрлеу». Өңдеу өнеркәсібі саласындағы ШОБ қолдау бағдарламалары жалғасын табуда.

Мемлекеттік гранттар әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының курстарынан өткен конкурс жеңімпаздарына «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы беріледі. Бір кәсіпкер үшін мемлекеттік грант сомасы мемлекеттік грант алуға ұсынылған өтінімге байланысты 5 млн теңгеге дейін болады.

ШКО Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, ШКО Кәсіпкерлер палатасымен, «Ертіс «ӘКК» АҚ және Oskemen-Atameken МКҰ бірлесіп «Шығыс бизнес» кәсіпкерлікті қолдаудың өңірлік бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама ШОБ субъектілерін қаржыландыруға қолжетімділікті арттыруға,

Бұған қоса, 16 отбасындағы 50 адамға 36 227 мың теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Биыл 53 адамды қабылдауға квота берілген. Қазір еңбек күші артық өңірлерден көшіп келген 5 отбасыдағы 16 адам квотаға енгізіліп үлгерді. Оның төртеуі – Алматы облысынан, 5-і – Қызылордадан, 5-і – Жетісудан, екеуі – Астанадан.

Жастарды жұмыспен қамту жайына келсек, былтыр 277 тұлға «Жастар практикасы» арқылы және 51 жас «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы аясында жұмысқа орналастырылды. Биыл қосымша 233 тұлға жастар практикасына жолдау жоспарланып отыр.

– Инфрақұрылым жүйесін айтпай кету мүмкін емес. Қалада ескірген тұрғын үйлер мен жол сапасына қатысты мәселелер барын байқаймыз. Бұл екі түйткілді реттеу төңірегінде атқарылған істер туралы баяндап берсеңіз? Қазір тұрғын үйлер мен жолдардың тозу деңгейі қандай көрсеткішті құрады?

– Өскемен қаласына біртұтас сәулеттік келбет беру мақсатында көпкөпәрілі тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шағын реконструкциялау, «ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары» шенберінде Тұрғын үй қатынастары бөлімі Өуезов даңғылы бойындағы үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Бірінші кезеңде 8 үйді жөндеу көзделген: қасбеттер фиброцемент панельдерімен қапталды, аула жақ бөлігіне сылақ жүргізіліп, суэмульсиялы құрғаммен боялады, сондай-ақ қия беттері, су ағарлары, кондиционерлерге арналған себеттер орнатылды, балкондар қапталды. Жобаны іске асыруға 668,9 млн теңге бөлінген. Қосымша қаражат бөлінген жағдайда, жұмыстар Өуезов даңғылы бойында екінші кезеңмен жалғастырылатын болады.

Қорытындылай келе, қаланы дамыту жұмыстары жүйелі түрде және бірнеше негізгі бағыт бойынша жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді. Қаланы көше-жол желісін дамыту жұмыстары жалғасын береді. Жолдарды, оның ішінде тізімі алдын ала қалыптастырылған жеке сектор көшелерін асфальттау жалғастырылады. Сондай-ақ негізгі магистральдық көшелерге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

2026 жылы Сәтбаев көшесі мен Жібек жолы көшесі қиылысында көлік айрығын салу жұмыстары жалғасады. Сонымен қатар Пермитин көшесі – Славский көшесі бағытындағы көлік айрығының құрылысы және Есенберлин даңғылы бойындағы жауу жүргіншілерге арналған жүрестік өткелінің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, Самар тасжолы мен Комендантқа өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау, Fresh Market сауда үйі ауданында жауу жүргіншілерге арналған жүрестік өткелін салу жұмыстарын бастау жоспарланған. Қосымша Азбаев көшесін кеңейту жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Өңіргімізге рақмет!

Сұхбаттасқан ТӨЛЕУ

ТЫНЫС

24 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ АРМАН ОРЫНДАЛА МА?

Қызылордада ыстық су мәселесі әлі күнге дейін толық шешімін таппай келеді. Бірнеше жыл бұрын басталған қазандық жобасы аяқталуға жақын. Дегенмен тұрғындар нақты нәтиже күтуде. «Ыстық су қашан тұрақты беріледі?» деген сауал әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

А Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ, Қызылорда облысы

Еліміздегі орталықтандырылған ыстық су жүйесі жок жалғыз қала ретінде Қызылордада бұл түйткіл назардан тыс емес. Тіпті, 2023 жылы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысының өзі бұл мәселеге ерекше назар аударып, нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Соның негізінде 2024 жылы қаланы ыстық суға қосу жобасы бастау алғанымен, ел игілігін әлі де толық сезінер емес. Ендігі халық арасында баянды бастаманың шарапатын көргендер қарасы қалындамай тұр.

Негізінен, Қызылорда қаласын орталықтандырылған ыстық су жүйесімен қамту ондаған жыл бойына өзектілігін жойған жоқ. Дерекке сәйкес, 90-шы жылдары жаппай тоқырау үдерісі салдарынан орталық жүйе күтімсіз қалып, инфрақұрылым тозып, ыстық су беру тоқтатылған. Содан бері тұрғындар аристон секілді су жылытқыш құрылғылармен жан бағуға мәжбүр.

Президенттің Сыр өңіріне сапарынан кейін 2024 жылы жалпы құны шамамен 26,2 млрд теңгені құрайтын өңір тарихындағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба бастау алғаны көпке жария болды. Жоспарға сәйкес, бірегей жоба екі кезең бойынша жүзеге асырылатыны айтылды. Жоба межеге сай жүргізілсе, облыс орталығындағы 423 тұрғын үйді ыстық суға қосу көзделген. Оның ішінде 2024 жылы 186 тұрғын үйге құбыр тарту жұмыстарын жүргізу жоспарланса, 2025 жылы 200-ден астам үйге ыстық су жеткізу қарастырылған.



Бірегей жоба негізінде 2024 жылы бірқатар шағын ауданда ыстық су желісіне қосу жұмыстары қолға алынды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сол кезең бойынша 186 үй ыстық судың игілігін көруге тиіс болатын. Бірақ кейіннен жоспар бойынша тиісті жұмыстар толық атқарылмағаны белгілі болды. Бұл жөнінде сол кездегі жобаны жүзеге асыруға міндетті операторы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жария еткен болатын. Нақты айтқанда, қаланың сол жақ жағалауындағы 5 көпқабатты үй мен Астана-1 мөлтек ауданындағы 13 көпқабатты үйге, С.Бейбарыс көшесінің бойындағы 9 үйге және Тасбоғет кентіндегі 5 үйге ыстық су берілген. Сондай-ақ Одежда, Автовокзал мен Универсам аумағындағы 34 үйге, Шұғыла мөлтек ауданындағы 49 үйге және №5 оқу ғимараты маңындағы (КИАП) 6 үйге және Сырдария мөлтек ауданындағы 19 үйге де ыстық су толық іске қосылғаны жария болды. Ал ол кезде қалған 40-тан астам үйді алдағы уақытта іске қосу жоспарланып отырғаны айтумен шектелген еді. Бұл әу бастан тұрғындардың ыстық су жүйесінің жабдықтары мен жұмыс сапасына деген сеніміне селкеу түсіргені байқатты. Негізінен, сол уақытта жобаның 1-ші кезеңі бойынша Үкімет резервінен 11 млрд теңге бөлінгені айтылды.

Жалпы, мамандар ыстық су жүйесінің тиімділігі жоғары екенін жиі айтады.

Мәселен, ыстық су жүйесі электрлі су ысытқыш құрылғыларына (аристон) қарағанда шығыны аз болатынын алға тартады. Яғни, тұрғындар электрлі су ысытқыш құрылғысына қарағанда ыстық су жүйесінен 60 пайыздан астам қаржысын үнемдеуге мүмкіндік алады. Бұған қоса ыстық су желісіне қосылу әрбір тұрғынның өз қалауымен жүргізілетіні де айтылып жүр. Сондай-ақ ыстық су жүйесін орнату жұмыстары ақысыз негізде жүргізілетіні де түсіндірілді. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге жоғары сапалы материалдар, еуропалық өндірушілердің жабдықтары қолданылып жатқаны да айтылып жүр. Соған қарамастан, жұмыстың баяу жүріп халықтың сеніміне селкеу түсіріп тұрғаны жасырын емес.

Осы орайда жобаның қазіргі аяқ алысу төңірегінде Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасынан сұрап көрдік.

«Жалпы құны 26,2 млрд теңгені құрайтын жоба аясында 423 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен қамту көзделген. Аталған жоба екі кезеңмен жүзеге асырылуға. Атап айтқанда, I кезең бойынша 2024 жылы – 186 үй, 2025 жылы II кезең бойынша 237 үйге ыстық су жеткізу көзделген. Осы орайда бірінші кезеңге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қызылорда қаласында ыстық сумен жабдықтау құрылысына 11 млрд теңге бөлініп, 186 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Ал екінші кезеңнің жұмыстарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 5 млрд теңге бөлінді. Оған Қызылорда

қаласының 61 КППТ-лердің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар тапсырманы толық орындау мақсатында Арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен 176 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтауды аяқтау үшін 10,2 млрд теңге қаражат бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде», — деп мәлімдеді басқармадан.

Негізінен мамандар тарапынан Қызылорда халқын орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз етуді облыс орталығында құрылысы қарқын алған жана жылу электр орталығымен байланыстырады. Әлеуеті жоғары саналатын жана жылу электр орталығы аймақтың электр энергиясы мен жылу қажеттілігін толық қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып жатқан ірі энергетикалық жоба саналады. Жалпы құны шамамен 215 млрд теңгені құрайтын ЖЭО инвестор есебінен салынуда. Бірегей жобаны Акса Energy компаниясы жүзеге асырып жатыр.

Жалпы, құзырлы орындар тарапынан ыстық су тарту жұмыстары жалғасып жатқанын мәлімдейді. Бірақ Әуелгі жоспарға сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін Қызылорда қаласын толық ыстық су жүйесіне қосу жоспары кешуейдеп тұр. Ал тиісті жұмыстардың баяу жүргізіліп жатқанына алаңдаған тұрғылықты халық отыз жылдық арманының орындалар етіні асыға күтіп жүр.

Елімізде жыл сайын балалар арасында 800-ден астам онкологиялық және гематологиялық аурулардың алғашқы жағдайы анықталады. Оның ішінде 600-ге жуығы қатерлі ісікке тиесілі. Ең алғаш 2002 жылы әлемнің 94 еліндегі 183 ұйымды біріктіретін Childhood Cancer International ұйымының бастамасымен 15 ақпан – Халықаралық онкологиялық дертке шалдыққан балалар күні деп белгіленген. Содан бері бұл күн әлемнің көптеген мемлекетінде атап өтіледі.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Осыған орай таяуда Алматы қаласында қайырымдылық іс-шарасы өтті. Бұл жиынның қоғам алдындағы басты месесі — ауыр ем қабылдап жатқан әрбір баланың білім алуына құқығы бар екенін және болашаққа сеніммен қарау қажеттігін жеткізу. Жәрмеңкелен жиналған қаражат Түркістан облыстық балалар ауруханасында бесінші Smart мектебін ашуға жұмсалды. Дәлірек айтсақ, келіп түскен сома 59,5 шаршы метрлік бөлмені жөндеуге, парталар мен үстелдер, компьютерлік техника, планшеттер және қажетті кеңсе құралдарын сатып алуға бағытталды. Қазіргі уақытта аталған жобаның бюджеті 10 миллион теңгенде асады. Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, Smart мектебін 1 маусым — Балаларды қорғау күні қарсаңында ашу жоспарланған.

Естеріңізде болса, Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялаған еді. Осыған байланысты қайырымдылық іс-шарасының өтуіне мұрындық болған Human Rights Lawyers қоғамдық қоры бұл бастаманы қызу қолдап, әлеуметтік жобаларға атсалысуға ниетті жана еріктілерді қатарына тарта бастапты.

— Human Rights Lawyers КК 10 жылдан бері осал топтағы жандарға — балаларға, қарияларға, қиын жағдайға тап болған отбасыларға және мүгедектерге, көпбалалы аналарға қолыңын созып, тегін заңгерлік және психологиялық көмек көрсетіп келеді. Ал биыл қор онкологиялық дертке шалдыққан балаларды қолдауға ниетті. Түркістан облысында арнайы мектеп ашуды көзеп отырмыз, қалай оны іске қосу үшін қаржылай қолдау алаң. Қайырымдылық жәрмеңкесінде еріктілер қадесейлар әзірлеп, кәсіпкерлер тауарын ұсына, студенттер өз қолынан сыйлықтар дайындады. Біз еріктілік бастамалардың жүзеге асуына көмектесу арқылы онкологиялық сырқатқа шалдыққан балалардың қоғам мейірімін сезінуіне үлес қоса алатынымызды көрсеткіміз келді, — деді

КІШКЕНТАЙ ЖҮРЕКТЕРГЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН КҮН



Human Rights Lawyers КК директоры Ләззат Рақышева.

2018 жылдан бері Help Today қоғамдық қоры жүзеге асырып келе жатқан Smart School жобасы онкологиялық және онкогематологиялық дертке шалдыққан балалардың білім алу құқығын қамтамасыз етуге негізделген. Жоба туралы Help Today КК төрағасы Эльмира Алиева баяндап берді.

— Біз ұзақмерзімді ем қабылдап жатқан онкология және онкогематология бөлімшелердегі балалардың медициналық көмек қана емес, толыққанды білімді де қажет ететінін көрдік. Сондықтан бұл жобаны қолға алуда біздің ұстанымымыз айқын. Онкологиялық дертке шалдыққан бірде-бір бала сапалы білімсіз қалмауға тиіс. Samsung компаниясының және басқа да серіктестеріміздің қолдауымен кейінгі сегіз жылда қор базасында төрт Smart мектебі ашылды. Олар Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында, Қазак онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының балалар онкологиясы орталығында және Шымкент қалалық балалар клиникалық ауруханасында жұмыс істейді, — деді ол.

Қазіргі уақытта Smart мектептерде жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақты медициналық мекемелерге бекітілген орта мектеп мұғалімдері жүргізеді. Ал робототехника, LEGO-конструкторлар, арт-терапия, ағылшын тілі, шахмат пен дойбы, колөнер секілді шығармашылық бағыттарды қор командасы жүзеге асырып отыр. Эльмира Алиеваның сөзінше, әр мектепте жөндеу жұмысы жүргізіліп, олар заманауи жиһаздармен, компьютерлік техникамен және кенсе тауарларымен толық жабдықталған.

Қайырымдылық іс-шарасынан жиналған қаражат қандай бағыттарға жұмсалды? Қоғам

донор ретінде қаржының нақты қайда жұмсалғанын біле ала ма? Қор төрайымы бұл мәселе турасында төмендегідей жауап берді.

— Ашықтық — қор жұмысының басты қағидаты. Донорлар қордың ресми сайтында және әлеуметтік желідегі парақшаларында толық есеппен таныса алады. Әрбір іс-шарадан кейін банктік түсімдер, қайырымдылық жәшіктерінен алынған қаражат актілері, бухгалтерлік құжаттар, шот-фактуралар және орындалған жұмыс актілері, сондай-ақ фото және бейне есептер жарияланады. Өткен жылғы іс-шара бойынша да осындай егжей-тегжейлі есеп берілген, — деді Э.Алиева.

Іс-шараның «Қызыл кілем» айдарында онкологиялық дертті еңсеріп, ремиссияға қол жеткізген кейіпкерлер шараның басты кейіпкерлеріне айналды. Эльмира Алиева бұл формат арқылы ауыр емдеу кезеңінен өтіп, дертті жеңген балалардың қайсарлығын көрсетуді мақсат еткенін атап өтті. Оның сөзінше, бұл қоғамға ерте диагностика, сапалы ем мен кешенді қолдаудың маңызын ашуға мүмкіндік береді.

— «Қызыл кілем» айдарының басты месесі — онкологиялық диагнозы бар балалар пациент қана емес, өз арманы мен таланты бар тұлға екенін көрсету. Олардың жеңіс қоғам үшін шабыт береді және әрбір баланың қолдауға, білім алуға лайық екенін еске салады. Бұл — олардың өміріндегі қиын кезеңнің есігі жабылып, жана мүмкіндіктерге қол ашылғанының символы, — деді Help Today КК төрағасы Э.Алиева.

Алдағы уақытта Smart School жобасын еліміздің өзге де өңірлерінде іске қосу жоспарланған. Қор өкілдері Smart мектебін ашу арқылы тұрғылықты жеріне қарамастан балаларды толыққанды біліммен қамтамасыз етіп, әлеуметтік қолдау көрсетуді көздейді.

АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЯР ЕМЕС

Елімізде құрылыс қарқыны «рекордты» көлемде жүріп жатыр. Салаға қатысты бұл сөз Қарағанды облысында да көп айтылады. Дегенмен тұрғын үйге қатысты шешімін таппаған түйткілдер әлі де жетерлік.

А Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Осыдан 4 жылдан астам уақыт бұрын Қарағанды өңірі де құрылыс қарқыны жөнінен алда келе жатқанын, тарихи максимумға жеткенін бүкіл елге жария еткен еді. 2021 жылы облыста 662 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетіні айтылды. Осылайша, 2600-ден астам отбасы мемлекеттік жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй алатыны, оның ішінде 621 көпбалалы отбасы бары мәлім болған. Мұнымен тоқтамай, алдағы жылдары да құрылыс қарқыны, салынатын тұрғын үйлер ауданы тоқтаусыз арта беретіні сөз болды.

Осы аралықта не өзгерді? Шаһарда тұрғын үйлер салынағанымен, апатты жағдайдағы үйлер саны азаяр емес. Былтыр ғана Қарағанды облысының Саран қаласында жиырма шақты отбасы апатты деп танылған үйлерінен шығуға қарсылық көрсетті. Айтуларына, әкімдік бұрыннан құлайын деп тұрған ғимаратқа еш шара қолданбаған. Ал тұрғындар мектеп пен жатақханаға орналасуға қарсы.

«Дағдарыс орталығының не екенін түсінесіз бе? Мысалы, интернат-мектеп. Өзім сонда көп жыл жұмыс істедім. Қазір ол жерде балалар тұрады. Интернет толық. Қалай тамақ пісіреміз, қалай жуынамыз?» — деп өз уәжін айтқан болатын Саран қаласының тұрғыны Кристина Смагина.

Бұл үйде тұрғындар 20 жылдан бері тұрып келеді. Қазір үйде төрт кіреберіс қана пайдаланылады. Пешпен жылынады, тұрғындар көмірді жоғары қабаттарға өздері тасиды. Бір кіреберістің бірнеше жыл бұрын жабыны құлап, тұрғындарды көшіру керек болған. Қалғандарына үйді қалпына келтіреміз деп уәде берген.

«Бізді тыныш қалдырып, үй дайын болғанда ешкім мазаламауын талап етеміз. Бізге пәтер беретінін айтқан. «Үй құлап кетпей ме деп қорықпайсыз ба?» дейді. «Құласа, құлай берсін!» — деген апатты жағдайдағы үйдің тұрғыны Галина Фадеева ашыды.



Бұл жерде тұрғындар сумен жабдықтауды, керізді, жарықты өз күштерімен қалпына келтірген. Олардың айтуынша, мәселе 5 жылдан бері шешілмей келеді. Тіпті жергілік суға толып тұрғанда да ешкім назар аудармаған. Ал тұрғындар жылу тартқылы жатқанда, әкімдік сараптама жасап, үй апатты жағдайда екенін анықтапты.

Ал қала әкімдігі үйде тірек конструкциялары бұзылғанын, кез келген сәтте құлап кетуі мүмкін екенін мәлімдеді. Тұрғындар алдымен үйдің апатты екенін растайтын қаулы алып, тұрғын үй кезегіне тұру керектігі жеткізілген.

«Барлық тұрғын үшін баспана қарастырылған. Тек процедуралар өту керек. Біз кезекте тұрған басқа азаматтардың құқығын бұзып, бірден пәтер бере алмаймыз. Кім тезірек келіп құжаттарын тапсырса, бәрі заң шеңберінде 2 ай ішінде шешіледі», — деді Саран қаласының әкімі Дарын Бұлбайыр.

Егер тұрғындар көшуге көнбесе, сот арқылы шығарылады. Сондықтан құжаттары рәсімдеу тұрғындардың өз мүддесіне сай. Жаңа баспана барлық пәтер иелеріне емес, тұрақты тұрып келген және бұл жалғыз баспанасы болған адамдарға ғана беріледі.

Қызықты қараңыз, бұл Сарандағы жағдай былтырғы жылдың қыркүйек айында болған еді, ал биылғы жылдың ақпанында тағы да осыған ұқсас оқиға қайталанды. Осы жолы апатты деп танылған үйдің бір бұрышы опырылып құлап түсті.

Яғни, 19 ақпанда шамамен таңғы сағат 8:00-де Балқаш қаласындағы Қараменде би көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйдің бір бөлігі «жалп» етті.

Қазір құрылыс және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, 5-кіреберісті демонтаждау жұмыстары жүргізілуде. Демонтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін қалған 4 кіреберісте қосымша техникалық тексеру және құрылыс сараптамасы жүргізіледі. Алдағы уақытта қалған кіреберістер конструкцияларын күшейту бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттама белгіленген тәртіппен әзірленеді.

Әкімдік мәліметінше, бұл кіреберіс бұрын апатты жағдайда деп танылып, бұзу туралы шешім қабылданған. Сондықтан мұнда ешкім тұрмаған, зардап шеккендер жоқ. Қазір ғимарат қоршауға алынып, кіруге шектеу қойылған, электр, жылу, су жүйелері ажыратылған.

«2025 жылы кіреберіс техникалық қорытынды мен құрылыс сараптамасының негізінде, апатты жағдайда болған. 5-кіреберістің тұрғындары алдын ала қоныс аударып, пәтерлері тұруға жарамсыз деп танылғандықтан, зардап белгіленген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаж азаматтар ретінде есепке қойылғанын хабарлаймыз. Құлау сәтінде қаза болғандар мен зардап шеккендер тіркелген жоқ», — делінген әкімдік хабарламасында.

Иә, құрылыста «рекорд» жасаудамыз деген шенділер құрғақ есепке мән. Ал апатты жағдайдағы үйлер саны артпаса, азаяр емес. Тағы бір қызығы, бұзылуға не құлауға шақ тұрған үйде жылдар бойы тұрып жатқан адамдар көшірілген уақыттың өзінде кезекте тұруы керек. Ал ол кезек қашан келері белгісіз.

АЛКОГОЛЬ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АЙТЫС

Ақмолада мас күйде жасалатын қылмыстық оқиғалардың үлесі республика бойынша орташа көрсеткіштен әлдеқайда асып түсті. Құқық қорғау органдары таратқан ресми деректерге жүгінсек, өңірде жыл сайын 600-ден астам қылмыстық құқықбұзушылық дәл осы алкогольдік ішімдік ішкен адамдардың қолымен жасалған.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

ДҮКЕНДЕР ЖИІ ЗАҢ БҰЗАДЫ

Айтыла-жазыла жауыр болған түйткілді тақырып, Ақмола облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасында «Заң және тәртіп» қағидасы бойынша өткен жиынында көтерілді. Облыс прокурорының орынбасары Марат Бактыбекұлының айтуынша, құқық қорғау органдарының қарауына түскен қылмыстардың басым бөлігі негізінен жазылмас қағидаға айналған бір сценарий бойынша өрбиді.

— Қылмыстық істердің басым бөлігінде бір қалыптан өзгере бермейтін «түнде барып арақ сатып алды, содан кейін қылмыс жасалды» деген үйреншікті тұжырымдар жиі кездеседі. Бұл орайда алкоголь қылмыскерді ақтамайды және оны жауапкершіліктен де босатпайды. Алайда көп жағдайда құқыққа қайшы әрекеттер тізбегін бастайтын негізгі түрткіге айналады, — дейді Ақмола облысы прокурорының орынбасары Марат Бактыбекұлы.

Расында да, адамды азғындайтын алкогольді ішімдік қылмыскерді ақтамайтын рас. Бірақ бұл талай трагедияның триггеріне айналғанын айтпасқа болмайды. Бұл орайда түн жарымында алкогольді ішімдіктерді сатқан сауда



нүктелерінің де үлесі кем емес. Облыс орталығында «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілетуге арналған айтулы кездесуде осы сауалдың салмағы анық сезілді. Прокуратура өкілі ресми түрде келтірген деректер бойынша, облыста бүгінде 3 200-ден астам дүкеннің алкоголь сатуға лицензиясы бар болып шықты.

— Биыл заңсыз сату фактілері үшін 289 кәсіпкер өкілшілік жауапкершілікке тартылған. Оның 200-ге жуығы алкогольді белгіленбеген уақытта сатқаны үшін айыппұл арқалады. 28 кәсіпкер бір жыл ішінде қайтадан заң бұзған. Мәселен, тек бір күн ішінде, дәлірек айтқанда, сағат 21.00-ден 21.15-ке дейінгі аралықта ғана 22 бизнес субъектісі жауапкершілікке тартылды. Заңбұзушылықтардың басты себептері — сату-

шылардың салғырттығынан, қызметкерлердің шамадан тыс жүктемесінен немесе техникалық шектеулердің жоқтығынан туындап жатады. Бұл орайда заңбұзушылыққа сатушылар жол бергенімен, жауапкершілік заңға сәйкес кәсіп иелеріне артылып жатады, — дейді аға прокурор Айым Алтай.

Прокуратураның ұсынған шешімі — «ақылды» қасалық аппараттары. Яғни, белгілі бір уақыттан кейін жүйе автоматты түрде алкоголь өнімдерін өткізуді бұғаттайды. Сатушы қанша тырысса да, «алкогольді ішімдіктерді» сата алмайды. Облыстық Прокуратура өкілінің бұл ұсынысын облыстық Полиция департаментінің өкілі де қуаттады. Полицияның қоғамдық қауіпсіздік басқармасы басшысының орынбасары Ерболат Хусаиновтың айтуынша, түнгі уақытта алко-

голь сататын тәулік бойғы дүкендер қоғамдық тәртіпке тікелей әсер етеді.

— Өкінішке қарай, жалпы құқықбұзушылық азайғанымен, ауыр қылмыстар саны артып отыр. Оның басым бөлігі түнде, масандық жағдайында жасалады. Көшедегі қылмыстардың 40 пайыздан астамы да ішімдіктің салдарынан болып отыр. Ен алаңдатырығы — қылмыстардың географиясының кеңейіп бара жатқандығы. Көкшетау, Степногорск, Қосшы, Атбасар және Бурабай аудандарында ауыр және аса ауыр қылмыстардың 77 пайызы шоғырланған өңірлер болып отыр. Бұл жай ғана картадағы нүктелер емес, бұл — әлеуметтік шиеленістің нақты ошақтары. Алкогольді ішімдіктің адам өліміне әкеліп соққан оқиғаларының бірі — Бурабай ауданында егде жастағы әйелдің жауыздықпен өлтірілуі. Тергеу мәліметіне сай, қылмыскер сол түні қылмысқа дейін және қылмыстан кейін екі мәрте алкоголь сатып алған, — дейді Ерболат Құсайынов.

ПОЛИЦИЯ ЖЕКЕ БИЗНЕСТІҢ КҮЗЕТШІСІНЕ АЙНАЛДЫ

Жақында болған Балкашино ауылындағы, Көкшетауда дәмханада, сондай-ақ Қосшы көшесінде болған кісі өлтіру, жаппай төбелестер, ауыр дене жарақаттарының бәрінің артында «ішімдік» деген ортақ белгі тұр.

— Былтыр көңіл көтеру орындарынан 800-ден астам шақырту түскен. Салдарынан, полиция жеке бизнестің күзетшісіне айналып барады десек артық айтқандық емес. Жастар ішімдікке салынып бара жатқаны — үлкен трагедия. Ал біздің міндет — осымен күрес, — деп толықтырды Ерболат Хусаинов.

Алайда «бұл трагедияның алдын алуға нақты қандай тосқауыл қойылып отыр?» деген заңды сауал туындайды. Полиция өкілінің өкініші — айыппұл да, лицензиядан айыру да кейбір кәсіпкерлерге еш әсер етер емес. Бұған дәлел,

былтыр заңсыз алкоголь сату фактілері 20 пайызға артса, биыл қантарда тағы 53 пайызға өсім тіркелген.

Әрине, бұл орайда бизнес те өз үзгін алға тартады. «Айыппұлды сатып алушыға салу керек» дейтіндер де бар. Бірақ прокурорлардың пайымынша, бұл түнгі сауданы мүлде бақылаусыз қалдырады. Себебі сұраныс бар жерде ұсыныс та табыла береді. Ал жас шамасын анықтау мәселесіне келсек, кәсіпкерлер «құжатты телефондағы суретпен көрсетеді, оны қолдан жасау оңай» дейді. Бұған жауап ретінде құзырлы органдар сатып алушыға мемлекеттік қызметтер порталын сатушының көзіне көптеген ұсынады.

Жиын барысында көптеген кәсіпкер «ақылды» жүйелерді орнатуға дайын екендерін білдірді. Мұндай құрылғылар тек түнгі сатуды шектемей, тауар есебін жүргізуді де жеңілдетпек. Жүйе қаржыны бақылауға көмектесіп, персонал жұмысын қалағалайды. Демек, бұл тек әлеуметтік жауапкершілік емес, бизнес тиімділігін арттыратын құрал болғалы отыр.

Кездесу соңында Көкшетаудағы Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Еркәнат Мұсылманбек пен облыс прокурорының орынбасары Марат Бактыбекұлы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Жиын барысында кәсіпкерлерді тағы бір мәселе алаңдатыны байқалды. Парламент қабырғасында алкогольді тек мамандандырылған дүкендерде сату және сату уақытын кешкі 20:00-ге дейін қысқарту туралы ұсыныстар айтылған. Егер бұл шектеулер қабылданса, үй жанындағы шағын дүкендер табыс жоғалтып мүлде айырылуы мүмкін. Әлеуметтік маңызды бар тауарларға 15 пайыздан артық үстемекке қоя алмайтын жағдайда, алкоголь сатудан түсетін пайда — олардың басты тіршілік арқауы.

Яғни, күрмеуі шырмалған түйіннің де түп-төркіні осында жатқан сияқты. Бір жағында — қоғамдық қауіпсіздік, қылмыс статистикасы мен жастардың болашағы тұрса, екінші жағында — шағын бизнестің өміршеңдігі жатыр.

Цифрландыру дегенде, ең алдымен есімізге ұялы байланыс түседі. Бұл қалыпты түсінік, себебі барлық саланы цифрландыру үшін алдымен байланыс желілері дұрыс болуы керек. Біздің еліміздің ақсайтын тұсы да осы. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі елімізде 25,9 млн абонент тіркелгенін мәлім еткен. Ал осынша тұтынушы сапалы байланысқа қол жеткізіп отыр ма?

ЦИФРЛАНДЫРУ ШАЛҒАЙҒА ЖЕТПЕЙ ТҰР



А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Министрлік еліміздегі ұялы байланыстың сапасы 2011 жылы 3G стандартының енгеннен кейін жақсара бастағанын атап өтті. Қазір еліміздегі халық саны 10 мыңнан асатын аудандар осы 3G стандартының байланысын қолданады. Ал халқы 50 мыңнан асатын аудандар 4G-ге көшкен.

Былтыр Батыс Қазақстан облысы телемедицины іске қосып бастады. Әзірге оны тек БКО-ның екі ғана ауылында қосып қойды. Теректі ауданына қарасты Подстепное және Ұзынкөл ауылы. Екіншісі — дәл қала жанындағы елді мекен. Негізі, телемедицинының мақсаты — алыс ауылдардағы ағайынға жедел медициналық көмек көрсету.

Денсаулық сақтау министрлігі 2026 жылы алыс ауылдарға телемедицины орнату үшін 500 млн қаржы бөлетінін мәлімдеген болатын. Бірақ сол құрылғыны қосатын ғаламтордың жоқтығы ескерілмей қалғандай. Мұны кезінде Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Партай Сәрсенғалиев те сынайды.

— Алыстағы азаматымызды аман алып қалу үшін телемедицина мен ЖИ-ді қолданамыз десек, алдымен Қазақстанның түкпір-түкпірін сапалы интернетпен қамтамасыз ету қажет. Қазіргідей бюджет тапшылығы кезінде елдің барлық аумағына сапалы интернеттің таратуға бюджеттен қаржы бөліне ме? Бұл — үлкен сұрақ. Бұдан бөлек, ғаламторға қосылған аймақтарда орналасқан медициналық мекемелердің өзінде серверлердің ескіргені, базалардың сесептеу қуаттылығының жеткілік-

сіздігі, ақпараттық жүйелердің бытыраңқылығы және интеграцияның бірыңғай стандарты жоқ екені анықталды. Оған қоса, ЖИ-ді медицинада толыққанды қолдану үшін инфрақұрылымды жанартумен қатар қажетті технологиялық шешімдерді сатып алу қажет, онсыз бастама іске аспайды. ЖИ-ді енгіземіз деп жанталасқан уәкілетті орган осынша проблеманы жедел шеше ала ма? — деп сынаған еді Н.Сәрсенғалиев.

Ауылдардағы ұялы байланыстың нашарлығы, ғаламтордың мүлде болмауы, цифрландыруға қалам басамыз деп отырған еліміз үшін үлкен кедергі. Ол аздай телемедицины қосу үшін қажетті серверлердің тозғаны, білікті мамандардың тапшылығы тағы бар.

Депутаттың сөзінше, ЖИ-ді енгізуді нақты жүзеге асыру үшін заңнамалық өзгерістер қажет. Атап айтқанда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңға және «Ақпараттандыру туралы» заңға толықтырулар енгізілуі тиіс.

Қазір БКО бойынша 405 ауылдық елді мекеннің 366-сында ғаламтор желісі бар. Бірақ бәрі ойдағыдай емес.

— Жалпы алғанда, телемедицины орнату үшін ауылдық округтердегі медициналық орталықтар интернет қызметінің сапасын өздері таңдайды. Олар мемлекеттік сатып алу арқылы таңдалған ұялы байланыс операторларынан сапалы интернетті талап ете алады. Ол әлбетте ұйымның бюджетіне тікелей қатысты. Қазір адам саны 50-ден төмен ауылдарда интернет сапасы да, ұялы байланыс сапасы да төмен екенін жасырмаймыз. Жалпы, адам аз ауылдарға өте жоғары сападағы

ғаламторды тарту шығыны өтелмейтін іс болғандықтан, байланыс операторлары келіспейді. Соған қарамастан, келіссөздер жүргізіп келеміз. Мәселен, ұялы байланыс сапасын арттыру мақсатында 23 ауылда жаңа базалық станция орнатылып, 202 ауылда 4G стандартына жетілдірілді. 5G стандарты бойынша Оралда 77 станса іске қосылды, биыл тағы 19 станса орнатылады. 7 антенна-дінгек құрылғысы республикалық жолдарға жоспарланған. 28 ауылға Starlink спутниктік интернеті тартылды, — дейді БКО Цифрлық технологиялар басқармасының маманы Райымбек Рашитов.

Цифрландыру дегеннен шығады, БКО-да жол қозғалысын, өрт қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 310 камера орнатылды. Ол камералардың барлығы да жасанды интеллект арқылы басқарылады. Орал қаласына орнатылған 300 камера Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Оларды бұрынғыдай кезекші полиция бағып отырмайды. Құқықбұзушылық анықталған бойда жасанды интеллект дереу орталыққа сигнал береді. Осы жасанды интеллектке қосылған камералардың арқасында көптен іздеуде жүрген азаматтарды да тауып жатыр.

— Өңірде орман өртінің алдын алу және ерте анықтау мақсатында 10 бейнебақылау жүйесі іске қосылды. Қалалық емханалардың бірінде азаматтарға қоңырау шалу жүйесі автоматтандырылды. Облыс орталығында барлық қоғамдық көлікте электронды төлем жүйесі енгізілді. Ауыл шаруашылығы жерлерінің мақсатты пайдаланылуына геоақпараттық портал арқылы мониторинг жүргізіледі. E-ser-шы жобасы ауызсуды тұтынудың ашықтығын қамтамасыз ете отырып, әділ субсидиялауға және бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік берді. IT қауымдастығымен бірлескен жұмыстың нәтижесінде, IT-Hub бағдарламалау мектебінде 6 айлық оқыту курсынан өткен 58 тұлке жергілікті компанияларда еңбек етеді, — дейді БКО Цифрлық технологиялар басқармасының бөлім басшысы Райымбек Рашитов.

Осынша қарқынды жұмыстарға қарамастан, ауылдағы байланыс пен интернеттің жайы әлі де өзекті екенін жасыра алмаймыз. Инфрақұрылымның өзі кейде шығынға батыруы мүмкін. Бұл түйткілді жауаптылар алдағы уақытта қалай шешеді, ол жағы белгісіз.

ШУЛЫҚТАРДЫ ШОШЫТҚАН ШУ

Шудан тағы шу шықты. Бұл жолғы оқиғаның барысы шетелдік шытырман кинолардың желісіне бергісіз. Атыс-шабыс, зорлық, кек пен жаза, аңду мен күштеп алып кету.



А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Бәрі қарапайым кикілжіңнен басталғанымен, соны аянышты аяқталып отыр. Сонда тәртіп сақшысының жаралануы мен жазықсыз жанның зорлық көруіне кім кінәлі? Ұсталған күдікті ме? Әлде осы қылмысқа итермеледі делінген бұрынғы полиция ме?

Оқиға желісін басынан бастасақ, бұрын бірнеше рет сотты болған Шу ауданының тұрғыны Замир Ахмедов кейінгі жазасын өтеп шыққандан кейін бұрынғы полиция қызметкерінен кек алмаққа келеді. Оның ойынша, тәртіп сақшысының кесірінен өмірі тас-тапқан болған екен. Алайда күдікті полицияның үйіне келгенде оны таба алмайды. Бірақ есіктен шыққан әйелді байқап қалады. Содан Ахмедов өлгі бұзылып қалғанын айтып, көлігі әйелге жеткізіп тастауды сұрайды. Бұл әйел күдікті іздеп келген тәртіп сақшысының қарындасы еді. Оның сеніміне кірген Ахмедов «қоңырау шалып алайын» деп оның телефонды да алып қояды. Кейіннен, жәбірленушінің басына травматикалық тапанша тақап, қаланың оқшалау шеткі аймағына баруға күштейді. Осы жерде жәбірленушіге ағасына қоңырау шалып, шақыруды тапсырады. Қорыққан әйел күдіктінің айтқанын бұлжытпай орындап, ағасын «көлік апатына ұшырадым» деп алдап шақырғанымен, ол басқа қалада екенін айтып келе алмайды. Алайда Шу қаласында үш-төрт сағаттан кейін болатынын, оған дейін орнына тағы бір бауыры баратынын жеткізеді. Осы екі аралықта Ахмедов ашуға булығып, жәбірленушіні күштеп жынныстық қатынасқа жығады. Кезеген тапаншадан әбден үрейленген әйел күдіктінің барлық айтқанын істеуге мәжбүр болады.

Осы мезетте «жол апатына түстім» деген жерге жәбірленушінің екінші бауыры да жетеді. Алайда ол қарындасын таба алмай, біраз уақыт іздейді. Содан жәбірленушінің көлігін бұзылған нысанның қасынан байқаған куәгер қорқынышты көріністің үстінен түседі. Бауырының ауыр хәлін көрген ағасы тапанша ұстаған күдіктіге өзін келіпте алып, қарындасын босатуды сұрайды. Әйелге ойына келгенін істеп болған Ахмедов ағасының айтқанына келісіп, соның көлігіне ауысады. Оны да тапаншаны қорқытып, Шу қаласының орталығына жетіп алып, ізін суытты.

Бұл кезде жәбірленушінің ағасы, бұрынғы полицияге оқиғаның толық нұсқасы жетпеген еді. Алайда қарындасына жасалған қандай да бір қылмыстың барлығын полиция бөліміне арыз түсіріп, толық құрам аяғына тік тұрады. Жедел іздеуші шаралары барысында күдікті қала ішіндегі ойын автоматтарының маңынан анықталады. Осы жерде ұстау операциясы жүргізілгенімен, күдікті қарсылық танытып, тәртіп сақшыларына қарсы оқ атады. Атыс кезінде тіпті бір полиция қызметкері жараланды. Десе де, күдікті дер кезінде ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Тергеу барысында Ахмедов травматикалық қару қолданғанын мойындағанымен, әйелге ешқандай зорлық көрсетпегенін алға тартты. Бірақ куәгерлердің сөздері толықтай тыңдалып, барлық айғақ заттар зерттелуде. Егер күдіктінің кінәсі дәлелденсе, оған 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленуі мүмкін.

Байқасаныңдай, жаға ұстатарлық жағдай. Күдікті мен полицияның арасындағы кикілжіңнің кесірінен, жазықсыз адам жапа шегіп отыр. Адамды күштеп кепілде ұстау, зорлықпен суық қару қолдану, атыс пен жаралану, бәрі-бәрі шетелдік кинолардан көретін ду-

ние еді. Енді міне, осындай жағдай алақандай монокалада болуа.

Негізі, бұл Шу ауданында болған бірінші жағдай емес. Алдыңғы жылы бір топ бұзақы полиция қызметкерін сабап, көлігін айдап кеткен болатын. Кешкі сап түзеуден қайтып келе жатқан тәртіп сақшысын жол жиегінде бір топ азамат тоқтатып, соққыны астына алған. Артынша, полицияның қызметтік көлігін айдап кетіп, талға соғып тастаған еді. Кейіннен, белгілі болғаны, полиция қызметкері мен күдіктілердің арасында өзіндік есеп болыпты.

Тағы бірде шулық тұрғындар тәртіп сақшылары есірткіні көліктеріне әдейі тастап, қылмыстық із қозғайды деп шулаған болатын. Жиналғандар жапа шектірген полицейлердің есімдерін мен шөлдерін де атап көрсетіп, жанайқайларын ашына жеткізген. Артынша, ауқымды тексеріс жүргізіліп, оқиға әйтеуір басылған.

Бұл аз десенді, Шу ауданында полициягер мен арнайы жасақ қызметкерлері атысқан. «Есірткі тасымалдап жүр» деген күдікке ілінген полицейлерді арнайы жасақ мамандары ұстамақ болған. Алайда күдіктілер өздерін тоқтатпақ болғандарды көлікпен қағып, одан кейін қараудан бір-біріне оқ атады. Нәтижесінде, екі адам жаракаттанып, бір полиция оқиға орнында көз жұмады.

Байқап тұрсаңыздар, Шу ауданында полициягерге қатысты шу көп. Және оқиғалардың дені есірткі шөбімен байланысты. Осы жағдай сананы сан-саққа жүгіртеді. Жоғарыда аталған күдікті Ахмедов бұрынғы тәртіп сақшысынан қандай кек алмақ болғаны әзірге белгісіз. Мұны енді тергеу амалдары анықтай жатар. Алайда тұрғындардың қауіпсіздігіне жауапты деген полициягердің өздері осындай шулы оқиғаларға ұшырап жатса, бұның арты жақсылыққа апармайтыны анық.

24 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



«МЕН ОСЫНДАМЫН»:

КӨЗҚАРАС ӘДЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Анель Базылова – сирек кездесетін генетикалық аурулар мен онкологиялық диагнозы бар әйелдер туралы жобаның авторы. Оның бұл жобасы былтыр 56 елден қатысқан 400 мың фотосурет арасынан іріктеліп, Sony World Photography Awards конкурсында жеңімпаз болған еді. Фотошебер сирек аурулары бар әйелдерді қолдауды мақсат еткен. Әлеуметтік құжаттама мен сән-фотографияны үйлестіретін ерекше бағыттағы суреткер жақында елордадағы Sal-Seri галереясында дебюттік көрмесін ұйымдастырды.

Фотошебердің нысанасына іліккен әрбір бейне сұлулықтың өлшемі мінсіздікте емес, рухтың мықтылығында екенін ұғындырады. Яғни, кейіпкеріміздің басты миссиясы – қоғам назарынан тыс қалатын, көбіне «ерекше» деп окшауланатын жандарға демеу болу. Оның фотожобалары сирек дертке шалдыққан әйелдерді қолдаудың ерекше формасы іспетті. Көрме экспозициялары «Мен осындамын» деп аталады. Бүгінгі қоғамда әйел затына таңылатын «әдемі болу, әрдайым мінсіз көріну» деген қасап стереотипі әлі де үстемдік етіп тұр. Алайда Анель Базылованың туындылары бұл түсінікті басқа қырынан ашады. Яғни, кейіпкерлері – сұлулық салонианнан гөрі медициналық орталықтың табалдырығын жиі аттайтын жандар. Бірақ автордың шеберлігі де сонда: ол кейіпкерлерінің бойынан дертті емес, табиғи сұлулықты тапты.

Көрмедегі кадрлардан біз трагедияның ізін іздеп әуре болмаймыз. Олар көрерменді жалықтыратын дәріс оқымайды, тіпті ешкімнен мейірім де, аяушылық та сұрамайды. Әр сурет әйелдердің қиын тағдырына қарамастан, бақытты болуға қажысы бар екенін паш ететін үнсіз манифест. Анель Базылованың шығармашылық ұстанымында бір қатаң қағида бар болса, ол кадрдан аяушылық іздеудің қате екені. Оның ойынша, мүсіркеу сезімі адамдар арасына көзге көрінбейтін кедергі орнатады. Сондықтан автордың портреттер сериясында тағдырдың түрлі сынағына түскен онкологиялық диагнозы бар, сирек дертпен күрескен немесе физикалық ерекшелігі бар әйелдер өзге кейіпкерлермен бір қатарда, тең дәрежеде орналасқан.

Өнер жолына түсу үшін міндетті түрде арнайы немесе кәсіби білім қажет емес. Кейде өмірдің өзі ұсынған катал сынақтар мен ащы сабақтар ең үздік ұстазға айналады. Фотограф Анель



Базылованың шығармашылық тағдыры – осы сөзіміздің айқын дәлелі. Оның өнерге келу тарихында «пленкамен өткен балалық шақ» туралы әдемі аңыздар мен жатталды әңгімелер жоқ. Керісінше, оның туындыларында онкология бөлімшесінің суық дәліздерінде шыңдалған қажыр-қайрат пен адам болмысына деген шексіз құрмет жатыр. Анель фотоөнерге саяхаттар мен бақылаудан басталған қарапайым әуестікпен келді. Алайда оның көзқарасын мүлдем өзгерткен себеп бар: екі мәрте катерлі ісікпен бетпе-бет келу, отадан кейін дәрігерлердің шешімін сарыла күту, өмір мен өлім арасындағы белгісіздік. Осылайша, «Болмыс» атты авторлық жоба дүниеге келді.

Автордың басты ерекшелігі – ол аурухана өмірін, дәрі-дәрмек пен мұнды палаталарды суретке түсірмейді. Кейіпкерімізді медициналық тұрмыс қызықтырмайды. Анель кадр сыртында мата, жарық пен ауадан тұратын ерекше эстетикалық кеңістік құрып, кейіпкерін сонда шақырады да, өмірге құштар адамның образында портрет түсіреді. Жобаның алғашқы кейіпкері – Динара есімді бойжеткен. Ол өзімен бірге үнемі оттегі аппаратын алып жүруге мәжбүр.

Тағдырында екі рет клиникалық өлімді бастан өткерсе де, Динара барабанда ойнайды, кездесулерге барады және көлік жүргізуді армандайды. Анельдің кадрларда диагноз адамның болмысын жасырып тұрған жоқ, керісінше, адамның рухы кез келген дерттен биік екенін көрсетеді. Анельдің басты жұмыс принципі – «жүректен сезініп түсіру». Түсірілім кезінде кейіпкері егіліп жылаған сәтте де, фотограф өз көз жасын іркіп тұрып, жұмысын жалғастыра береді. Өйткені ол үшін сол сәттегі шынайылық кез келген жеке эмоциядан қымбат. Мұндай түсірілімдерден кейін ол кейіпкерлердің тағдырына бейжай қарай алмайды. Олардың аналарымен хабарласып, денсаулығын қадағалап, әрбір арудың өміріне шынайы жанашырлықпен қарайды.

Бүгінде маркетингтер мен ірі брендтер «халық мұндай осалдықты көруге дайын емес» деген ұстанымда. Инклюзия туралы тек ресми баяндамаларда ғана айтылады. Алайда Анельдің басты қағидасы – қалда аяушылыққа жол бермеу. Ол мүсіркеуді емес, адамның ішкі қуатын көрсетуді мақсат тұтады. Қоғам мінсіз, «тегіс» образдарды жақсы көргенімен, Анельдің жұмыстарындағы «жарықшақтар» бізге өмірдің қаншалықты нәзік әрі қымбат екенін еске салады. Анельдің шығармашылығындағы тағы бір маңызды бағыт – Даун синдромы бар бүлдіршіні түсірілген «Күнге бет түзеп» (Следуя за солнцем) атты туындылар сериясы. Бұл – өз «күнін» тапқысы келген балалық тазалықтың көрінісі. Анель мұндай кейіпкерді баяндаған бері жарық пен ізгіліктің символы ретінде түсіруді армандаған болатын. Оның қиялында қазақтың ұлттық ерекшеліктері мен баланың аңғал, ашық болмысы тұтасқан көркем бейне қалыптасты. Анель Базылованың басты мақсаты көрме залында дерті бар әйелдер мен дені сау аруларды бір қатарға қою болды. Ол «ерекше тағдырлар» үшін бөлек витрина жасаудан үзілді-кесілді бас тартқанын айтады.

Sal-Seri галереясындағы экспозиция өте салмақты әрі қарапайым безендірілген. Мұнда ешқандай агрессивті ұрандар немесе арзан даурықпа сөздер жоқ. Тек қана бос кеңістікте бақытқа ұмтылған нәзік жанрдың бейнесі ғана тұр. Анельдің бұл шешімі қоғамдағы «біз» және «олар» деген жасанды шекараны жойып, адамды тек өз болмысымен тануға мүмкіндік береді.

«Менің мақсатым – ауруға байланысты қиын жағдайда отырған әйелдерді төрт қабырғаға қамалып қалмауға, әлемнен окшауланбауға ынталандыру. Бұл фотосуреттер оларға үміт береді және өздері мен арулары туралы ашық айтуға батылдық сыйлайды», – дейді ол.

Кейіпкеріміз үшін сұлулық – тағдырдың соққысына төтеп берудің, сынбаудың жалғыз амалы. Сондықтан іштегі күйін ол өнері арқылы көпке көрсеткісі келді. Жоба авторы айтқандай, «Мен осындамын» көрмесін дерт немесе

МЕРЕКЕЛІК GALA BALLET КЕШІН ҰСЫНАДЫ

«Астана Балет» сахнасында 6-7 наурызда халықаралық әйелдер күніне арналған Gala Ballet мерекелік кеші өтеді. Көрермен назарына классикалық мұра жауһарлары мен заманауи хореографиялық қойылымдардан құралған әсерлі әрі жан-жақты бағдарлама ұсынылады.



Кеште бас дирижер Арман Оразғалиев симфониялық оркестрге жетекшілік етеді. Бірінші бөлімде хореографиялық миниатюралар, сондай-ақ Петр Чайковскийдің музыкасына Айһүр Әбілғазина қойған «Триумф» балеті көрсетіледі. Бағдарламада Арам Хачатурянның «Спартак», Сергей Рахманиновтың «Көктемгі қарғын су», Адольф Аданның «Жизель», Камил Сен Санстың «Акку», Людвиг Минкустың «Дон Кихот» балетінен па-де-де және басқа да балет үзінділері бар.

Сонымен қатар наурыз айында астаналық ұжым басқа да мазмұнды бағдарламалар ұсынады. 13-14 наурыз – Sagmina burana балет-контатасы, Наурыз мерекесі қарсаңында, 21 наурызда симфониялық оркестрдің Therapy. Jazz Night концерті өтеді. Ал 27-28 наурызда көрермен қауым «Орфей мен Эвридика» балеті мен Bolero X бір актілі заманауи балеттің премьерасын тамашалай алады.

«БОРАН» АТТЫ КӨРМЕ ӨТТІ

Астанада суретші Әсел Есжанованың жеке көрмесі өтті. Онда сәулетші жеті жылдық шығармашылық жолында көркем мәдениетті терең зерттегенін көруге болады.



Көрмеге әртүрлі форматтағы 9 туынды қойылды. Арал теңізінен өкелінген қайық бүгінде мұражайдан табылды. Инсталляцияны Jeltoksan бүгінгі атымен өнер көрсететін Бексұлтан Бақытжанның композициясы сүйемелдеді. Дыбыстық дизайн жел, кеңістік және ішкі қозғалыс сезімін арттырады. Айта кетейік, бұл – суретшінің алғашқы көрмесі.

– Бұл – менің алғашқы көрме, сондықтан түрлі жанрдағы туындыларды ұсындым. Суретші болғандықтан, қиялыма шек қоймаймын. Қазір кенеппен жұмыс істеп жатырмын. Қиялыман туған туындылардың көрерменге ұнап жатқаны қуантады, – деді суретші Әсел Есжанова.

Көрменің атауы көптеген концепцияның бір арнаға тоғысуынан туындаған.

«КІТАП ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ» БЕРЕРІ МОЛ

Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада «Әке мен бала» клубы аясында «Кітап және жасанды интеллект» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды.



Іс-шараның басты мақсаты – кітап оқудың маңызын заманауи технологиялардың мүмкіндіктерімен ұштастыру арқылы әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайту, жас ұрпақтың танымдық қызығушылығын арттыру және жасанды интеллекттің қауіпсіз әрі тиімді қолдану мәдениетін қалыптастыру.

Дөңгелек үстелді журналист, веломарафоншы Ернат Рахметолла жүргізді. Модератор қатысушыларды еркін пікір алмасуға шақырып, кітап пен цифрлық технологияның үйлесімді дамуы туралы өзекті ойлар қозғайды.

Кітапхана басшысының орынбасары Айтоты Жақұпова кітапхананың электронды ресурстары туралы кеңінен ақпарат берді. Әсіресе, Kazneb ұлттық электронды кітапхана қорының мүмкіндіктеріне тоқталып, цифрлық қордың оқырман үшін қолжетімділігі мен артықшылықтарын атап өтті.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОМИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(707) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4709
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,